

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Дипломатия институты

қолжазба құқығында


Абыллаев Асылбек Мұсаұлы

ҚАРУДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫН БАҚЫЛАУДЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

«7М031 Әлеуметтік ғылымдар» дайындық бағыты бойынша
«7М03111 – Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы

Халықаралық қатынастар магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші



Сомжүрек Баубек Жұмашұлы,
тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Жоба қорғауға жіберілді « 10 » маусым 2022 ж.

Дипломатия институтының директоры



Абишева Мариан Асаровна,
саяси ғылымдарының кандидаты

Нұр-Сұлтан, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....	9
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	11
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	14
1 ҚАРУ АЙНАЛЫМЫНЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ, ҚАРУ ЖӘНЕ ОҚ-ДӘРІЛЕРДІҢ, ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАР МЕН ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	14
2 ҚАРУ-ЖАРАҚТЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫ ҮШІН ЖАУАПҚЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ШЕТЕЛДІК ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ (ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ ЕЛДЕРІНІҢ МЫСАЛЫНДА).....	20
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ҚАРУ АЙНАЛЫМЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ.....	24
4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАРУДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ.....	34
ҚОРЫТЫНДЫ.....	42
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	44
ҚОСЫМША 1	48

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Қылмыстық кодексі.
2. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» №339 Заңы.
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі».
4. БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Ұрыс қаруын, оның құрамдас бөліктері мен компоненттерін, сондай-ақ оның оқ-дәрілерін заңсыз дайындауға және олардың айналымына қарсы хаттама. Бас Ассамблеяның 2001 жылғы 31 мамырдағы 55/255 қарары.
5. Кеңес Үкіметінің Халық Комиссарлары Кеңесінің 1918 жылғы 10 желтоқсандағы «Қаруды тапсыру туралы» Декреті.
6. КСРО Орталық Атқару комитетінің 1924 жылғы 12 желтоқсандағы «Қаруды, ұрыс құралдарын, қопарылғыш снарядтар мен қопарылғыш заттарды өндіру, сату, сақтау, пайдалану, есепке алу және тасымалдау тәртібі туралы» қаулысы.
7. Ресей Федерациясының 20 жылғы 1993 мамырдағы № 4992-I «Қару туралы» Заңы.
8. 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 398-ФЗ «Ресей Федерациясының азаматтық қару айналымы саласындағы бақылауды күшейту туралы жекелеген заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» федералды Заңы.
9. Эстония Мемлекетінің 2001 жылғы 13 маусымдағы «Қару-жарақ туралы» Заңы.
10. Латвия Республикасында «Қару мен арнайы құралдардың айналымы туралы» 2002 жылғы 6 маусымдағы Заңы.
11. Литва Республикасының 2002 жылғы 15 қаңтардағы «Қару-жарақ пен оқ-дәрілерді бақылау туралы» Заңы.
12. Америка Құрама Штаттарының 1934 жылғы «Ұрыс қаруы туралы» Ұлттық заңы.
13. Ұлыбритания мемлекетінің 1968 жылғы Қаруды бақылау туралы заңы.
14. Ұлыбритания мемлекетінің 1903 жылғы «Тапаншалар туралы» заңы.
15. 2003 жылғы 13 сәуірдегі №528-N Армения Қылмыстық Кодексі.
16. 1999 жылғы 9 шілдедегі № 275-3 Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексі.
17. Халық Комиссарлары Кеңесінің 1918 жылғы 10 желтоқсандағы «Қаруды тапсыру туралы» Декреті.
18. КСРО Орталық Атқару комитетінің 1924 жылғы 12 желтоқсанындағы «Қаруды, ұрыс құралдарын, қопарылғыш снарядтар мен қопарылғыш заттарды жасау, сату, ұстау, қолдану, есебін жүргізу және бір орыннан екіншісіне жеткізу тәртібі туралы» қаулысы.
19. Молдова Республикасының 2012 жылғы 8 маусымдағы «Азаматтық мақсаттағы қару мен оқ-дәрілердің режимі туралы» Заңы.
20. 1995 жылғы Испан Қылмыстық кодексі.

21. Америка Құрама Штаттарының 1934 жылғы «Ұрыс қаруы туралы» Ұлттық заңы.

22. Қытай Халық Республикасының 1996 жылы «Ұрыс қаруын бақылау туралы» Заңы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БҰҰ	–	Біріккен ұлттар ұйымы
ІМ	–	Ішкі істер министрлігі
ҰҚК	–	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
КСРО	–	Кеңестік социалистік республикалар одағы
РКП	–	Ресей коммунистік партиясы
ҚР ҚК	–	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР ӘҚБтК	–	Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі.
ЛРЖ	–	Лицензиялық рұқсат жүйесі.
УПИ	–	Учаскелік полиция инспекторы.
АЕК	–	Айлық есептік көрсеткіш

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет құру жолындағы бастамалар соңғы үш жылдықта түрлі заңнамалық құжаттар негізінде айқын көріне бастады. Бұл осыған дейін мұндай бастамалар болған жоқ деген сөз емес. Айтайын дегеніміз, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президенттігі кезеңінде халыққа арналған Жолдауларда құқық қорғау саласына, қылмыстың алдын алу, сот жүйесі, прокурорлық қадағалау мәселелеріне жийі көңіл бөліне бастады. Бұл мемлекетті басқару ісінде менеджмент үлгілерін ендіру ізденістері үрдісті сипат алып отырғандығын көрсетеді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Президенттік мерзімі ішінде мемлекетті басқару ісін жетілдіру, құрылымдық қайта құрулар, мемлекеттің жауапкершілігі сынды қоғам алдында мемлекеттің лигетимділігін арттыратын саяси реформалар қабылдау шаралары туралы бірнеше рет мәлімдеме жасаған болатын. Осы күнге дейін ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың үш рет Жолдауы жарияланып, үшеуінде де мемлекетті басқару ісінде құқықтық реттеу позициялық тұрғыда күн тәртібіне шығып отыр. Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауында заман талабына сай тиімді мемлекет құру жолында «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесі бойынша қылмыспен күресу саласын жаңғыртқан жөн» Бізге азаматтардың құқығын қазіргі заманғы тұрғыдан қорғауды қамтамасыз ететін және жоғарғы деңгейдегі халықаралық талаптарға жауап беретін үлгі керек» деп атап өтті [1]. Осыған сәйкес еліміздегі қылмыстар саны бойынша алдыңғы қатарда табылатын қарудың заңсыз айналымы мәселесін зерделеуде шетелдік тәжірибелерге аса мән берген жөн. Бұл осы саладағы мемлекеттік бақылау мен алдын алу шараларындағы ілгерінді-кейінді қозғалыстарды талдауға, мәселені жаңаша пайымдауға жәрдемдеседі. Кейбір жағдайда мемлекеттік жаңа құрылымдарды іске қосу, кейбірін қайта құру, қызмет көрсету нысандарын оптимизациядан өткізу секілді іс-әрекеттерден көрініс табуы мүмкін.

Заңсыз қару айналымын қадағалау және жолын кесу қолданыстағы әдіс-тәсілдердің тиімділігін әрі бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолындағы ізденістер мен бастамалар уақыт сын-қатерлеріне жауап беретін және болашаққа бағытталған теориялық-тәжірибелік модельдерді қамтуы тиіс екендігі белгілі.

ҚР Заңсыз қару айналымы саласындағы заңнаманың қалыптасуы мен оның методикалық ерекшелігін үш институционалды тұжырымдардың жиынтық мәні деп атауға болатын шығар.

Біріншісі, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін заңнамалық базаның негізін кеңестік нормативтік құжаттар құрады. Заңнаманың тақырыбы және жалпы іәтін құрылымы өзгергенмен мән-маңызы әліде сол кеңестік дәстүрмен сабақтасып жатты.

Екіншіден, заңнама қабылданған кейінгі кезең. Бұл уақыт аралығында елдегі заңсыз қару айналымының салдарынан болған үлкен қоғамдық резонанс тудырған оқиғалар қолданыстағы заңнама шарттарын қатаңдатуды, шектеу шараларын барынша қабылдаумен заңнамаға толықтырулар мен өзгертулер

енгізуге әкелді. Бұндай эволюциялық өзгерістер нақты уақыт шеңберінде жүзеге асатындықтан барлық уақыттарда, қоғамдық қатынастардың дамуына жеткілікті жауап бермей де қалуы мүмкін. Дегенмен, қоғамдық қатынастарды дүрбелеңнен қорғаудың бірден-бір жолы десе болады. Сондай-ақ, бұл үздіксіз жүріп отыратын үрдіс.

Үшіншіден, заңсыз қару айналымының алдын алуға бағытталған шетелдік тәжірибелер мен технологиялық төңкеріс есебінен мемлекеттің соны шешімдерге өз бетімен көшуін айтуға болады. Шетелдік тәжірибелерді зерделеу осы бағытта тартымды әрі практикалық маңызы бар. Заңсыз қару айналымы жүйесіндегі бизнес процестерді автоматтандыру, цифрлық кеңістік аясындағы ашықтық, ақпаратқа қол жетімділік және т.б.

Алайда мұндай құрылымдық-функциялық өзгерістер енгізу әлеуметтік-саяси, қоғамдық формациялардың күрделенуіне байланысты заңсыз қару айналымы саласындағы мемлекеттік басқаруды үнемі қайта қарап, қажетті элементтермен толықтырып тұру керектігін көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасындағы заңсыз қару айналымы саласындағы құқықтық-әкімшілік реттеу біз келтірген екінші тұжырымдама қоғамда резонанс тудырған қылмыстық оқиғалардан кейін ғана заңнамада белгілі бір алгоритмдерді ендірумен шектеледі. Бұл заңсыз қару айналымының салдаымен ғана күресті еске салады. Ал оның себептерін іздеу, осы мәселелермен бұрын-соңды соқтығысқан өзге мемлекеттер тәжірибелеріне жеткілікті ден қойылмайтындығын атап өту керек. Осыған орай, осы еленбей қалған мәселелерді осы зерттеу жұмысының өзегін құрап отыр.

Таңдалған тақырыптың өзектілігі бүгінгі таңда қару-жарақтың заңсыз айналымы қылмыс құрылымында маңызды орынды алып отыр және елдегі криминогендік жағдайды қиындататын факторлардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылық факторлардың ажырамас бөлігі ретінде, заңсыз қару айналымына байланысты барлық қылмыстар ұйымдасқан қылмыстың, терроризмнің, сепаратизмнің өсуіне ықпал етеді және мемлекетіміздегі қоғамдық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіреді.

Қарудың заңсыз айналымының алдын алу мәселелері мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздіктің алғышарты болғандықтан әркезде өзекті болып отыр.

Магистрлік жоба тақырыбын таңдауға негіздеме:

Елде ұрыс қаруын қолданумен жасалатын қылмыстың өсуі және көрші елдерде болып жатқан соңғы оқиғалар негіз болып отыр.

Жобаның мақсаты:

Бұл жұмыстың мақсаты қару-жарақтың заңсыз айналымы саласындағы қылмыстар үшін біліктілік пен жауапкершілік проблемаларына кешенді талдау жүргізу болып табылады.

Жобаның міндеті:

- қарудың заңсыз айналымы жөніндегі криминологиялық мазмұнды аша түсу;
- қарудың заңсыз айналымға түсуінің негізгі себептерін анықтау, табу;

– қарудың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарды категорияларға бөлу;

– қарудың заңсыз айналымын анықтау және бақылау бойынша шетелдік тәжірибелерді зерттеу;

– қарудың заңсыз айналымы саласындағы қылмыстардың алдын алудың әлеуметтік-құқықтық, ұйымдастырушылық және арнайы шараларын әзірлеу.

Зерттеу әдістері:

Магистрлік диссертацияны жазу кезінде халықаралық қатынастар теорияларының негізгі ережелері мен тұжырымдамалары контекстінде салыстырмалы талдау, мазмұнды талдау, контент-талдау әдістері қолданылды. Статистикалық мәліметтер салыстырылып, материалдар талданды, жалпылау әдістерімен бірге ұсыныстар берілді.

Күтілетін нәтижелер:

Диссертация қару-жарақтың заңсыз айналымы мәселелерін шешуге негіз болатын ұсыныстарға арналған.

Практикалық маңыздылығы ықтимал тәуекелдер мен қауіптер аясында қарудың заңсыз айналымын одан әрі бақылауды теориялық модельдеуден тұрады. Болашақта бұл жұмысты сарапшылар мен зерттеушілердің елдің қару-жарағының заңсыз айналымы саласындағы одан әрі ғылыми ізденістер үшін негіз ретінде пайдалану мүмкіндігі бар екендігіне тоқталғымыз келеді.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Қазіргі жағдайда халықаралық қатынастардың дамуы қылмыстың, әсіресе оның әртүрлі қаруды қолданумен байланысты ұйымдасқан зорлық-зомбылық нысандарының өсуімен бірге күрделі, қарама-қайшылықты жағдайда жүруде. Ұрланған немесе жоғалған қарудың саны артып келеді. Қазіргі таңда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінде заңсыз айналымда жүрген 55 мыңнан аса бірлігі іздестірілуде. Ресей Федерациясында мұндай қарудың 55%-дайы тіркелген, Грузияда – 6%, Қазақстанда – 4%, Украинада – 3%, Әзірбайжан мен Тәжікстанда – 2,5%-дан. Бұл жағдайда ұрлық пен жоғалудың мәні көбінесе автоматты қару болып табылады [3].

Қару әрқашан әлеуметтік жанжалдың барлық нысандары мен ауқымында шешу құралдарының бірі болған. Кез-келген мемлекетте бұл жағдайдың өзіндік тарихи және әлеуметтік-саяси алғышарттары бар. Алайда, кез-келген мемлекет белгілі бір қару-жарақ арсеналына ие бола отырып, оның айналымын бақылауды қамтамасыз етуге тырысады. Қару-жарақтың заңды айналымының құқықтық режимін орната отырып, мемлекет белгілі бір дәрежеде өзін және қоғамды «ішкі» жойылудан қорғайды. Қарудың заңды айналымы және оның жүзеге асырылуын бақылау – криминалдық зорлық-зомбылықтың және жалпы қылмыстың алдын алудың кепілі. Бұл әсіресе Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуының қазіргі кезеңінде, өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздығынан туындаған бірқатар әлеуметтік толқулар мен қақтығыстармен бірге жүреді.

Қарудың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл саласындағы алғашқы маңызды ғылыми зерттеулер ХХ ғасырдың 60-70-ші жылдарында жүргізілді. (Л.Ф. Соколов, А.Н. Кардавы, В. Малкова, В.П. Тихов, Э. Тенчова, А. Романов, А.П. Романов және т. б.). Негізінен, аталған авторларда қылмыстардың алдын алудың қылмыстық-құқықтық мәселелері қаралды.

Қару-жарақтың заңсыз айналымын әлеуметтік-құқықтық бақылау мәселелерін зерттеуді А.В. Курачков, Н.Ф. Боровский, М.С. Бекмурзин, В.В. Волченков, В.Г. Камыш, Д.А. Корецкий, В.Д. Малков, С.А. Невский, Н.И. Першуткин, Л.В. Соленик, В.Л. Серов, Слинько М.И., В.Г. Филатова, Ю.М. Антонян, Е.Д. Шелтникова, А.М. Никитин және т.б. еңбектерінен көруге болады.

Жалпы, қазіргі Қазақстан үшін қару-жарақтың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық жауапкершілік мәселелері өте өзекті. Олардың барлығы ұсынылған магистрлік жобада шешімін тапқан жоқ және әрі қарай ғылыми ізденістерді қажет етеді.

Қару-жарақтың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық жауапкершілік мәселелерін, сондай-ақ осы жағымсыз құбылыстың криминологиялық аспектілерін зерттеуге И. Бикеев, В. Волоченков, В.И. Дементьев, В.Л. Зуев, В.С. Комиссаров, Д.А. Корецкий, А. Коренев, А.Н. Лебедев, В. Малков, А.Я. Марков, С. Невский, Осинцев Д.В., А.Ю. Осипов, М.С. Пестун, А.И. Рарог, В. Рыбкин, В. Серов, Л. Соколов, Ю.Н. Белозеров, Э.С. Тенчов, А. Меркушов, А. Наумов, В. Башилов, Ю.М. Ткачевский, А.П. Литвин, Б. Разников, Н.Н. Анисимов, т. б. еңбектері арналды.

Қарулы қылмыс мәселелерін зерттеуді А. Бакаев, С.В. Бородин, М. Бекмурзин, В. Волченков, А. Гришко, С. Дикаев, Л.М. Землянухина, В.А. Казакова, Ю. Антонян, Д. Корецкий, Н. Боровский, М.И. Дубинина сияқты отандық зерттеушілер жүргізді.

Мәдени құндылықтардың кейбір құқықтық және тарихи аспектілерін Беспалько В.Г., Р.Б. Булатов, Е.А. Воронцова, А.Н. Дьячко, М.Е. Каулен, Г.А. Кузина зерттеді. Я. Малыгином, Е.В. Медведев, И.Г. Рыбак, Е.В. Сазонниковой, А.А. Сундиевой, С.Л. Чистотин, Е.Н. Тихонов, Л.Л. Шпаков және басқа авторлар зерттеді.

Қарудың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды құқықтық реттеудің мәселелері мен проблемалары мерзімді басылымдарда, ғылыми форумдар мен ғылыми еңбектер жинақтарында, сондай-ақ жекелеген монографиялық басылымдарда, көптеген жекелеген жарияланымдарда көтерілді.

Заңсыз қару айналымы тақырыбын зерттеудің жекелеген бағыттарының даму дәрежесі туралы баяндай отырып, қарудың заңсыз айналымына қарсы тұрудың тарихи аспектілері аз зерттелгендігін атап өткен жөн.

Қару-жарақтың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік туралы отандық қылмыстық заңнаманы дамытуды ретроспективті талдаумен байланысты мәселелер блогы аз зерттелгендігінде айта кету керек. Қазақстандағы қару-жарақ айналымын реттейтін отандық заңнама ғылыми деңгейде іс жүзінде толық зерттелмеген. Сондай-ақ, қару айналымын бақылау бойынша шетелдік тәжірибені талдау да жеткілікті деңгейде зерттелмеген тақырып.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Магистрлік жоба шетел ғалымдарының осы саладағы ғылыми жұмыстарына, оқулықтардың қару айналымы туралы мәтіндеріне негізделеді. Тақырып өз бетімізбен сырттай және физикалық бақылауға болатын тану, байқау, салыстыру арқылы анықталатын эмпирикалық эпистимология әдістеріне сүйеніп, қару айналымын отандық құндылықтық-климаттық ортаға бейімдей отырып мемлекеттік басқару жүйесіндегі қолданыс мүмкіндіктерін саралауға талпынады.

Ғылыми зерттеудің міндеті қару айналымын мемлекеттік басқаруды методологиялық тұрғыда зерделей отырып қару айналымының траекториясында ұшырасатын әлеуметтік-психологиялық, құндылықтық-бағыттық факторлардың ықпалын зерделеу, осы ерекшеліктерге назар аудару. Осылайша, қару айналымын басқаруда заңнаманы жетілдіре отырып оның болашаққа бағдарлануын, ұрымтал тұстарды анықтау, заңсыз қару айналымын күшейтіп отырған жанама және негізгі мәселелерді зерделеу, осы проблемалық сұрақтардың жауабын адамдардың ішкі құндылықтары, психологиялық-моральдық қасиеттерінен қарастыру, құқықтық-әлеуметтік призма арқылы бойлау көзделеді.

Магистрлік жобаны зерттеудің әдіснамалық негізі танымның философиялық, жалпы ғылыми және жеке ғылыми құралдарының (әдістерінің) кешені болып табылады. Құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған теориялық тұжырымдамалардың негізінде бастапқы құқықтық идеяны кез-келген құқықтың негізгі бастауы ретінде түсіну жатыр. Құқықтық идеяның мазмұнын зерттеу бірнеше негізгі тәсілдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олардың ішіндегі ең көп тарағандары-құқықтық идеяны әділеттілік категориясымен немесе мүдделер категориясымен байланыстыратындар немесе осы екі категорияны синтездейтіндер. Бұл санаттар оның мақсаты мен мазмұнын қалыптастыруды алдын-ала анықтайтын және бағыттайтын құқықтың қозғаушы, ішкі күштері ретінде қарастырылады.

Зерттеудің философиялық негізін диалектикалық әдіс те құрады. Бұл әдісті қолдану, атап айтқанда, қару айналымы саласындағы мүдделер тепе-теңдігін қамтамасыз етудің ғылыми тәсілдері мен заңды құралдарын анықтау үшін қажет.

Заңсыз қару айналымы туралы шетел мемлекеттерінің заңнамаларына талдау жасай отырып, оның негізгі бағыты мен тенденцияларына мән берілді. Мәселен, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің заңсыз қару айналымын бақылауға қатысты заңнама жолдарына контент, сандық және сапалық талдаулар нәтижесінде бұл елдердегі қылмысқа жаза тағайындау бойынша ұқсас үрдістерді байқауға болады. Бұл бір жағынан аталған мемлекеттерге трансшекаралық құқықтық-ізкесу жұмыстарына септігін тигізсе, екінші қырынан заңсыз қару айналымы саласында ғылыми ізденістердің бірқалыптылығына, жаңа тәжірибелерді ендіру бөлігінде баяулығын көрсетеді. Яғни қай мемлекет заңсыз қару айналымына тосқауылдарды қоюда, қарсы іс-шаралар ұйымдастыруда алдыға кеткенін анықтау қиындау.

Сол себепті, бірқатар Бұрыс елдерінің заңсыз қару айналымы саласындағы заңнамасына талдау жасалды. Бұрыс Мемлекеттері мен Америка құрама штаттарының заңнамасы құқықтық саналылық жағынан едәуір ерекшеліктер тән екендігін атап өту керек. Бұл туралы магистрлік жобада шетел мемлекеттерінің заңнамаларының дамуын моделдеуде қарастырылды.

Сонымен бірге, жоба аясында заңсыз қару айналымы саласындағы жұмысты құрылымдау және ұйымдастыру, бақылау, шектеу сынды мәселелерде ұтымды шешімдер қабылданған шетелдік тәжірибелерге шолу жасалды. Бұл тақырыпты терең түсінуге және практикалық қырларына үңілуге көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287-291-баптарында [2] көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарға сәйкес статистикалық деректер негізінде (2017-2021 жылдар кезеңі) талдау жүргізіледі. Ұйымдастыру-басқару сипатындағы нақты шешімдер тұжырымдалып, профилактикалық алдын алу және қарудың заңсыз айналымына қарсы іс-шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған заңнаманы дамыту жөнінде бірқатар ұсыныстар беріледі.

Магистрлік жоба аясында Қазақстан Республикасындағы заңсыз қару айналымы кеңістігіндегі соңғы бес жылда жасалған қылмыстар динамикасы саралана отырып, талдау жүргізілді. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық порталы арқылы статистикалық көрсеткіштерге қол жеткізілді. Әр бір статистикалық көрсеткіштер динамикасы автормен талданып, проблемалық тұстарына баса мән берілді.

Мақала қару-жарақтың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік туралы шетелдік заңнаманы талдауға арналған (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің мысалында). Қазақстан, Армения мен Беларусьтің қылмыстық заңдары осы саладағы қылмыстық заңнаманың жай-күйіне тән мысалдар ретінде қарастырылады. Заң шығару қызметі процесінде оң тәжірибе ретінде пайдаланылуы мүмкін заңнамалық тәсілдер ерекшеленеді. Тұтастай алғанда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің көпшілігінің заңнамасында қару-жарақтың заңсыз айналымы саласындағы қылмыстарды сипаттаудың бірыңғай тәсілі басым, бұл осы қылмыстарды қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар, сол әрекеттердің салыстырмалы түрде аз саны үшін жауапкершілік ретінде қабылдауда көрінеді. Бұл көбінесе жалпы тарихи-құқықтық сипатқа және КСРО қылмыстық заңнамасынан туындайтын қылмыстық заңнаманың ұқсас дәстүрлеріне байланысты. Заң шығару қызметі процесінде ескерілуі мүмкін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шектес елдері заңнамасының ерекшеліктерінің ішінде мыналарды бөліп көрсету керек: ұрыс қаруын таңбалауды қолдан жасағаны немесе қасақана жойғаны үшін қылмыстық жауапкершілік белгілеу; қоғамдық қауіптілігі төмен қару-жарақ айналымы саласындағы бірқатар іс-әрекеттер үшін әкімшілік преюдиция институтын пайдалану.

Заңсыз қару айналымын айқындайтын Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің нормалары спиральді динамика әдісін негізге ала отырып, қылмыстың ауырлығына және алатын көлеміне қарай сараланды.

Магистрлік жобада сандық және сапалық зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Оның ішінде, Қазақстан Республикасы тұрғындарының арасында сауалнама алынды. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері қосымша көптік зерттеу әдісі арқылы дәлелдермен күшейтіліп отырды. Бірнеше параметрлер арқылы алынған нәтижелер арасынан корреляция өткізіліп зерттеудің сенімділігін арттыру мақсаты қойылды және зерттеудің негізгі міндеті заңсыз қару айналымын басқару тетіктерін ұсынған шетелдік және Ресей ғалымдары өндірген білімдерді эмпирикалық әдістер арқылы тексеру және зерттеу нәтижелерін қайталап көруге талпыныстар жасалынды. Қазақстанда заңсыз қару айналымы ғылыми ортада көп талқыланбайтын тақырып болғаннан кейін оның мәні мен мазмұнын ашудың қажеттілігі туындады.

Зерттеу аясында, заңсыз қару айналымы тақырыбында жарияланған қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының мәтініне талдау жасалды. Анықталғандай, бұқаралық ақпарат құралдары заңсыз қару айналымы фактілерін көпшілігіне құзырлы органдардың тапсырысы бойынша немесе арнайы шақыртуымен баспа бетіне шығаратына айқындалды. Яғни, бұл саладағы журналисттік зерттеу, тақырыпты ашуға деген талпыныс тек құзырлы мекемелердің дайын ақпаратына сүйене отырып жасалады деп тұжырымдауға болады.

Осыған байланысты, заңсыз қару айналымы мемлекеттің ғана емес, қоғам болып күресетін, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мемлекет пен қоғамның әлеуметтік әріптестігіне негізделе отырып шешілуі тиіс үздіксіз процесс дегіміз келеді.

ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

1 ҚАРУ АЙНАЛЫМЫНЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ, ҚАРУ ЖӘНЕ ОҚ-ДӘРІЛЕРДІҢ, ҚОПАРЫЛҒЫШ ЗАТТАР МЕН ҚОПАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Қылмыстың қазіргі жағдайы қарудың заңсыз айналымына бақылауды күшейту қажеттілігін көрсетеді. Сонымен, БҰҰ-ның ІХ Конгресінде ұрыс қаруының айналымын реттеу мәселесі өзекті деп танылды. Конгресс өзінің қарарында БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттерді осы бағыттағы трансұлттық қылмыстық әрекетке қарсы күресте күш біріктіруге шақырады [3].

Қару-жарақтың заңсыз айналымына қарсы күрес барлық елдерде жүргізілуде.

Қаруды қолдану арқылы жасалған қылмыстарға, сондай-ақ оның заңсыз айналымына қарсы күрестің өзектілігі қылмыстың осы блогын егжей-тегжейлі зерделеуге әкелді. Бұл мәселені Д.А. Корецкий, С.А. Невский, С.М. Малков, А.С. Самоделкин және басқа да авторлардың еңбектері арналды.

«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы №339 Заңының 1-бап, б тармағында қару айналымына қаруды өңдеу, дайындау, құрамдас бөліктерін құрастыру, қайта құрастыру, сату, беру, сыйлыққа беру, марапаттап ұсыну, мұрагерлік жолмен қалдыру, иелік ету, жинау, жәдігерлеу, есеп жүргізу, сақтау, өзімен алып жүру, тасымалдау, қолдану, алып қою, жойып жіберу, Қазақстан Республикасының территориясына әкелу және оны Қазақстан Республикасының территориясынан алып кету жатады [4].

Осы мағынаға сүйене отырып, Э.В. Солоницкая қару-жарақтың айналымын оның өндірісі және өндірушіден әрі қарай – мемлекеттік (Қорғаныс министрлігі, ИМ, ҰҚК және т. б.) немесе қылмыстық тұтынушыға дейін заңды және заңсыз (қылмыскерлер, өзін-өзі қорғау, жинау және т. б. үшін қаруды заңсыз сатып алатын азаматтар) жеткізілуі, сондай-ақ қаруды пайдалану, оны дұрыс ұстау, бір иесінен екіншісіне ауысу, оны түпкілікті жою кезеңіне дейінгі аралықты алады [5]. Қаруға физикалық әсер ету (жасау, қайта жасау), оның кеңістікте (алып жүру, тасымалдау), уақытша (сақтау), әлеуметтік (иеленушіні ауыстыру), қарудың орнын ауыстыру тиісті іс-қимылдардың біліктілігін айқындайтын Құқықтық белгілерге ие болады. Әрбір осындай көрсеткіштер қару айналымының құрылымдық бөлігі болып табылады.

Айналым ұғымы қару-жарақ ұстаушы субъектілердің арасындағы қару-жарақтың қатынастарын білдіреді: өнім шығарушыдан қолданушыға, бір қолданушыдан келесі тарапқа өтуін сипаттайды. Құқықтық оқулықтарда екі түсінік кеңірек қолданысқа ие. Біріншісі қарудың заңды айналымы және екіншісі қарудың заңсыз айналымы.

Қолданылып жүрген заңды деп қабылданған заңнамада айтылатын тиісті тәртіптер мен шектеулер аясында оны дайындау (әзірлеу, түзету, қайта қалпына келтіру) немесе басқа мекендерден (басқа мемлекеттерден тасымалдау)

жеткізілген күнен бастап, саудалау, жеткізу, өткізу арналары арқылы беруге, пайдаланушыға жеткенге дейін немесе шетел асырғанға дейін қажет болатын барлық организациялық және техникалық іс-шаралардың желісін жасайтын мемлекет ішіндегі қарудың, оқ-дәрілер мен оның патрондар қосындысының қозғалысы түсініледі. Қарудың елдегі заңды айналымы ішкі істер органдарының бақылау және қадағалау нысаны болып табылады.

Сонымен қатар, елдегі қылмыстық жағдайға тиісінше әсер ететін қару-жарақтың заңсыз айналымын атап өту керек. Бұл қарудың заңды айналымы бағытындағы қателерді қамтиды және қарудың заңсыз айналымының криминогендік сипатын білдіреді. Сондықтан қарудың заңсыз айналымы мәселелерін зерттеу және оған қарсы іс-қимылдардың жоспарын құру заңды айналымның түсініктері мен категориялары аясында жүзеге асырылады.

Криминологиялық оқулықтарда қарулы құқықбұзушылықтар мен қару-жарақтың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды жеке топтарға бөліп қарастыру қажеттілігі айтылады [5], ал кейбір авторлар болса нақты қарулы құқықбұзушылықтар мен қару-жарақтың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды айыра отырып талдайды [7].

Зерттеу көрсеткендей, қылмыстық құқық ғылымында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қандай баптары қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, қопарылғыш заттардың және қопарылғыш құрылғылардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың құрамын анықтайтындығы туралы ғалымдардың ортақ пікірі жоқ.

Бүгінгі күні елімізде 231 мыңға жуық ұрыс қаруының заңды иелері тіркелген. Олардың пайдалануында 340 мыңға жуық қару-жарақ бар. Бұлардың көпшілігі – тегіс білтелі аңшы қарулары (86,7%) [8].

Осыдан кейін, заңсыз қару айналымы заңдыдан өтетіндігін айтуға болады.

Мұны статистика арқылы нақтылай түсуге болады. 2015-2021 жылдар аралығында тіркелген қару-жарақты ұрлау және бопсалау бойынша қылмыс саны едәуір азайған. Дегенмен, бұл заңсыз қару айналымы толық ауыздықталды деген сөз емес. Ол кейде ресми деректерге енбей қалуы немесе қылмыс ретінде анықталмай жатуы мүмкін (1-кесте).

1-кесте – Қазақстан Республикасында соңғы жеті жыл ішіндегі қаруды ұрлау бойынша тіркелген қылмыстар саны

Жыл	Қаруды ұрлау және жымқыру бойынша тіркелген қылмыс саны
2015	137
2016	196
2017	184
2018	135
2019	98
2020	45
2021	19

Пайымдай келе, 2018 жылдан бастап атыс қаруын, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғылармен байланысты қылмыс немесе тартып алудың бәсеңдеуі, алдымен құқық қорғау органдарының тиімді алдын-алу жұмыстарымен байланыстырмас бұрын, бұл қылмыс түрінің латенттілігінің артуымен байланыстыру қажет.

Құқықтық жағынан нормаларды, қағидалар мен нұсқаулықтарды өрескел бұза отырып іске асырылатын қаруды жасау, сатуға шығару, алу, сақтау, өзімен алып жүру және т.б. іс-қимылдар қарудың заңсыз айналымын құрайды және оны негізгі екі түрге бөліп көрсетуге болады.

Бірінші түрі административтік құқық бұзушылықтар немесе әкімшілік тәртіптерді бұзумен байланысты. Мысалы, административті құқық бұзушылықтар: қару мен оның оқтарын өндіру, сатуға шығару, жинау, ерекше бұйым ретінде сақтау, есепке алу, сақтау, өзімен алып жүру немесе жою ережелерін бұзу; азаматтық немесе қызметтік қаруға дыбыссыз ату немесе түнгі көруге арналған құрылғыларды орнату; пневматикалық қаруды заңсыз дайындау, сату немесе беру; қаруды тіркеу (қайта тіркеу) немесе оны есепке қою мерзімдерін бұзу және т.б. осы әрекеттер үшін кінәлілер әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жатады.

«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы №339 Заңының 7-бабына сәйкес азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына салынатын тыйымдар: оқжатарының (барабанының) сыйымдылығы 10 патроннан асатын; оқты түйдектете атуға мүмкіндік беретін азаматтық ұрыс қаруының; ойық білтелі ұрыс қаруының патрондарына жасап шығарылған тегіс білтелі ұрыс қаруының; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес спорттық снарядтарды қоспағанда, қол шоқпарлардың, кастеттердің, сурикендердің, бумерангтердің және қару ретінде пайдалануға арнайы бейімделген ұрып-уататын, лақтыратын, шаншып-кесетін басқа да заттардың; ауырлық орталығы ауыстырылған бронь бұзғыш, өртегіш, жарғыш немесе жарқырағыш оқтары бар патрондардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес газды тапаншалар мен револьверлерге арналған бытыралы снарядтары бар патрондардың; зақымдағыш күші радиоактивті сәулені және биологиялық әсерді пайдалануға негізделген қарудың және өзге де заттардың; жүйкені сал ететін, уландыратын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға тыйым салған басқа да заттармен жарақталған газды қарудың, сондай-ақ бір метрден астам қашықтықтан адам өміріне қауіпсіз зақым келтіре алатын, алайда денсаулықтың жиырма бір күннен астам мерзімге ұзақ уақыт бұзылуына не еңбек ету қабілетін 10 және одан астам пайызға елеулі түрде тұрақты жоғалтуға әкеп соғатын газды қарудың; зақымдағыш әсері электромагнитті, жарық, жылу, инфрадыбыстық немесе ультрадыбыстық сәулелерді пайдалануға негізделген қарудың және өзге де заттардың; шығыс

өлшемдері ұлттық стандарттарда белгіленген шамадан асатын өзін-өзі қорғаудың ұнғысыз ұрыс қаруының, электрошок құрылғыларының және ұшқынды разрядтауыштардың; металл детекторлармен табуға мүмкіндік бермейтін материалдардан жасап шығарылған қарудың айналымына тыйым салынады [7].

Айналымның екінші түрінде жай заңсыздық деп танылғандығы емес, сонымен бірге құқықбұзушылықпен байланысты барлық жағдаяттар табылады. Өйткені ол қылмыстық тәртіп бұзушылыққа және қылмыстық жауапкершілікке әкелетін іс-әрекеттерді қамтиды. С. Дикаев бұл жайында, «Қылмыстылық - құқықтық мағынада заңсыз айналым деп емес, қылмыстық қару айналымы деп айтқан орынды болар еді» дейді [7].

Қылмыстық қару айналымның қатарына заңмен рұқсат берілмеген азаматтық, қызметтік және жауынгерлік қару-жарақ түрлері, сондай-ақ қылмыстық (қолдан жасалған, жасырылған) әрекеттер кіреді.

Осымен, заңсыз қару айналымына қарудың шынайы қылмыстық қатынастары да, оның бақылаудан алынуына және қылмыстық салаға тартылуына әкелетін қарудың заңды айналымы ережелерін едәуір бұзу да кіреді.

Қаруды заңсыз айналым санатына айналдыратын жайттардың бірі азаматтық ұрыс қаруын иеленуге рұқсат беру мерзімі аяқталғаннан кейін иесі оны ұзарту мерзімін бұзатын жағдай жиі кездеседі. Рұқсат беруден кейіннен бас тарту оның меншік құқығын қылмыстық айналым санатына ауыстырады.

Бұл ретте заңсыз қару айналымының аяқталу уақытын және қылмыстық айналымның бастау алуын анықтау (немесе заңсыз және қылмыстық айналым арасында нақты белгі жүргізу) қажет. Мәселен, «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңның 15-бабының 2-тармағына сәйкес [2] аңшылық ұрыс қаруын сақтау және өзімен алып жүру құқығына лицензия адамға осы қаруды сатып алғаннан кейін ғана (бұрын берілген сатып алу лицензиясы негізінде) бір апта ішінде ішкі істер мекемелерінде тіркеуден өтуге міндетті. Рұқсат бес жыл мерзім көлеміне беріледі.

Осы тармақта қару иесі қару тіркеуден өткен жердегі ішкі істер мекемесіне рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталмай жатып жаңасын алуға өтініш жасайды делінген. Бірақ нақты қанша уақыт шегінде жасау керектігі нақтыланбаған. Өтініштерді қарау мен рұқсат беру процедурасының ұзақтығы ескерілмеген.

Яғни, қару рұқсат уақыты өткеннен кейін қайта тіркеу арасында заңсыз айналымда қалуы мүмкін. 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің» 486-бабы [13] қаруды тіркеу (қайта тіркеу) мерзімдерін немесе оны есепке қою мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейді. Бірақ «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңның 15-бабының 2-тармағына [10] сілтеме көрсете отырып, әкімшілік жаза қолдану шараларының нақты мерзімін анықтамайды немесе бұл мерзім шегі қаруды иеленудің бес жылы өткеннен кейін басталуы қажет пе айқындамайды.

Еске сала кету керек, бұл ережелер әскери атыс қаруына, оқ-дәрілерге, жарылғыш заттарға және жарылғыш құрылғыларға байланысты қолданылмайды.

Ішкі істер мекемелері қаруды тиісінше сақтау тәртіптерін бақылауды және есеп жүргізуді жүзеге асыра отырып, алдыңғы кезекте рұқсат қағаз іс-әрекетінің аяқталу фактілерін анықтауға (қазіргі ақпараттық технологиялар заманында қиындық тудыра қоймайды) және осы тұлғаларға олардың мерзімді ұзарту туралы өтініш бермеу ұстанымына қарай, лицензияның қолданылу уақытын ұзарту не қаруды одан әрі алып қою арқылы оның күшін жою туралы мәселені шешуге дейінгі шараларды қолдануға тиіс.

Бұл қылмыстық-құқықтық нормалар қаруды қолдану арқылы жасалған қылмыстардың алдын алуда маңызды орын алады, айыпталушыларды құқықбұзушылық қадамдарының алғашқы кезеңдерінде қылмыстық жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Өйткені бұл қылмыстар көбінесе алдын-ала жасалады және қаруды қолдану арқылы жасалған қылмыстарға қолайлы жағдай жасайды. Аталып отырған қылмыс түрлерінің ерекшелігі қоғамдық қауіпсіздікті шайқалту арқылы олар объективті түрде қоғамдық қатынастардың кең ауқымына, жеке адам мен азаматтың заңды шекараларына ғана емес, түгелдей алғанда әлеуметтік ортаның қауіпсіз өмір сүру жағдайларына айтарлықтай кері әсерін тигізеді.

Ұрыс қаруының, оның негізгі құрамдас бөліктерінің, қопарылғыш заттар мен қопарылғыш құрылғылардың, оқ-дәрілердің айналымына құрысты қоғамдық қауіпсіздік пен тұрақтылықты заңнама аясында қорғаудың ерекшелігі бұл заттардың аса қауіпті екендігін, оларды қоғамдық қатынастарға зиян келтіру үшін пайдалану мүмкіндігін ескеру. Қылмыстық-құқықтық байланыстар тек нақты кері әсерінің алдын алуды бағамдаудан ғана емес, сонымен бірге осындай қауіп тудыру салдарын жоюдан бастау алуы қажет.

2 ҚАРУ-ЖАРАҚТЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ШЕТЕЛДІК ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ (ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ ЕЛДЕРІНІҢ МЫСАЛЫНДА)

Қазіргі уақытта қару-жарақтың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік туралы шетелдік қылмыстық заңнаманы зерттеу, ең алдымен, осы саладағы қазақстандық қылмыстық заңнаманы модельдеу процесінде шет мемлекеттердің тәжірибесін ескеру ерекше өзекті болып табылады.

Құқықтық салада Қазақстанға ең жақын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінің заңнамасы үлкен қызығушылық тудырады. Қарастырылып отырған саладағы заңнамалық шешімдердің ұқсастығына байланысты бірқатар қылмыстық заңдарға бірыңғайлық тән.

Қазақстанның Қылмыстық кодексінде қарудың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік 287, 288-баптарда көзделген, атап айтқанда:

1) суық қаруды өзімен алып жүру аңшылық кәсіппен байланысты болатын ситуацияларды қоспағанда, суық қаруды заңсыз өзімен алып жүргені немесе өткізгені, сол секілді сауда орындары жұмысшыларының тиісті рұқсаты жоқ жеке адамдарға, ұйымдарға қару мен оның оқ-дәрілерін сатқаны үшін (ҚР ҚК 287-б. 1-Б.);

2) ұңғысыз атыс қаруын, травма салатын оқтармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, қысқа білтелі тегіс білтелі қаруды, сол сияқты олардың оқтарын заңсыз иемденіп алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-б. 2-Б.);

3) ұрыс қаруын (тегіс білтелі аңшылық қарудан басқа), оқ-дәрілерді, қопарылғыш заттарды немесе қопарылғыш құрылғыларды заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-б. 3-б.);

4) ұрыс қаруын, оның жинақтаушы бөлшектерін заңсыз дайындау немесе жөндеу, сол сияқты оқ-дәрілерді, қопарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын заңсыз дайындау (ҚР ҚК 288-б. 1-Б.);

5) газбен атылатын қаруды, суық қаруды, оның ішінде сермеп лақтыратын қаруды заңсыз жасау (ҚР ҚК 288-б.4-б.) [4].

Қазақстанның қылмыстық заңнамасына сәйкес қылмыстар келесідей категориялар мен түрлерге бөлінеді. Бірнеше адамдардың өзара алдын ала келісуі бойынша немесе бірнеше мәрте жасаған, сондай-ақ қылмыстық топ жасаған іс-қимылдарды жатқызуға болады.

Егер де жасалған іс-әрекеттерде басқа да қылмыс белгілері болмаса немесе анықталмаса, 287, 288-баптарда келтірілген қаруларды өз бетімен тапсырған адамдарды қылмыстық жауаптылыққа шақырудан босату көзделген.

Әрі қарай, Қазақстан Қылмыстық Кодексінің 287-бабына сәйкес [4] осы бапта көрсетілген заттарды алып қоюға байланысты адамды ұстау кезінде немесе заттарды табу фактілерін анықтау және құқық қорғау органдарының арнайы тінту кезіндегі тергеу әрекеттері жүріп жатқан кезде алынған қару иелері сол заттарды өз еркімен тапсырды деп тану заңнама нормаларын бұзғандық болып

саналады. Заңнамада кездесетін мұндай тәртіп кейбір жағдайларда құқық қорғау органдары қызметкерлері тарапынан сыбайластық қадамдарына баруға немесе қылмыскерді ақтаудың жолдары ретінде белгілі болып жатады.

Арменияның Қылмыстық кодексінде қарудың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік 235, 236-баптарда қамтылған, атап айтқанда:

а) Армения Қылмыстық Кодексінің 235-бабында ұрыс қаруын (тегіс білтелі ұрыс қаруы мен оның оқ-дәрілерінен бөлек), оқ-дәрілерді, ойық ұрыс қаруының оқ-дәрілерін, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш құрылғыларды заңсыз ұстағаны, сатылымға қойғаны, өзінде ұстағаны, тасымалдағаны немесе өзімен алып жүргені үшін жауапкершілік қаралған [11];

б) қаралатын қылмыстың категориялары келесідей: адамдар тобының алдын ала келісім бойынша қылмыстық әрекеттері; ұйымдасқан қылмыстық топтың қылмыстық әрекеттері;

в) қылмыс үшін жеке жауапкершілік газбен атылатын, суық немесе сермеп лақтырылатын қаруды заңсыз алып жүру үшін көзделген;

г) Армения Қылмыстық Кодексінің 236-бабында ұрыс қаруын, оның құрамдас бөлшектерін, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз өндіргені немесе жөндегені үшін жауапкершілік қаралған [11];

д) қылмыстың екі құрамы үшін 235, 236-баптарда көрсетілген заттарды өз еркімен өткізуді және адамның іс-әрекетінде қылмыстың басқа да құрамының болмауына байланысты қылмыстық жауапкершілікке тартудан босату қаралған [11].

Беларуссияның Қылмыстық кодексінде қару-жарақтың заңсыз айналымы үшін жауапкершілікке шақыру бойынша неғұрлым күрделі заңнамалық ұсынымдар қарастырылған. Аталған қылмыстар Беларусь Қылмыстық кодексінің 295-298 баптарында қарастырылған және қоғамдық қауіпсіздікке қарсы бағытталған қылмыстар деп танылған. Атап айтқанда, келесідей жауапкершіліктер көзделген:

а) ұрыс қаруын (тегіс білтелі ұрыс қаруынан басқа), оқ-дәрілерді (тегіс білтелі ұрыс қаруының оқ-дәрілерінен басқа), қопарылғыш заттарды, қопарылғыш құрылғыларды заңсыз әзірлегені, ұстағаны, екінші тарапқа бергені, өткізгені, тасымалдағаны, жібергені немесе өзімен бірге алып жүргені үшін (тегіс білтелі атыс қаруының қосымша бөліктері мен құрауыштарынан басқа) атыс қаруының құрамдас бөлшектерін немесе бөліктерін заңсыз әзірлегені, иемденгені, ұстау, өткізу, тасымалдау, жөнелту немесе өзімен бірге алып жүру, жарылғыш құрылғылардың негізгі бөліктерін заңсыз дайындау немесе сату кіреді (Беларусь Қылмыстық кодексінің 295-бабы);

б) әкімшілік жазаға тартылғаннан кейін бір жыл аясында осындай іс-әрекеттері үшін жасалған суық қаруды заңсыз өзімен алып жүру не тасымалдау (296-б. 1-Б.), сондай-ақ суық қаруды заңсыз дайындау не өткізу (296-б. 2-Б.);

в) әкімшілік жазаға тартылғаннан кейін бір жыл аясында осындай іс-әрекеттері үшін жасалған газбен атылатын, пневматикалық немесе сермеп лақтырылатын қаруды заңсыз өзімен алып жүруге не ұстап жүруге (297-б. 1-Б.),

сондай-ақ газбен атылатын, пневматикалық немесе сермеп лақтырылатын қаруды заңсыз дайындауға не өткізуге (297-б. 2-Б.);

г) әкімшілік жазаға тартылғаннан кейін бір жыл аясында осындай іс-әрекеттер үшін жасалған аңшылық тегіс білтелі ұрыс қаруын немесе оның оқ-дәрілерін заңсыз алу, екінші тараптарға иеленуге беру, сақтау, тасымалдау, келесі жерге жеткізу немесе өзімен алып жүру не тегіс білтелі аңшылық ұрыс қаруының құрамдас бөліктерін немесе құрауыштарына заңсыз иелік ету, иелікке келесі біреуге беру, тасымалдау, жөнелту немесе өзімен алып жүру (Б. 1-бап. 295.1), сондай-ақ аңшылық тегіс білтелі ұрыс қаруын, оның құрамдас бөліктерін, компоненттерін немесе олардың оқ-дәрілерін заңсыз дайындау не өткізу (295.1-б. 2-Б.);

д) ұрыс қаруын таңбалауды қолдан жасау немесе қасақана жою(295.2-бап) [12].

Беларусьтің қылмыстық заңнамасында қару-жарақтың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар үшін қарастырылған квалификациялық белгілердің арасында келесілерді атап өтуге болады. Адамдар ұйымы сатылымға шығару мақсатында қайтадан жасаған, адамдар тобының алдын ала келісім бойынша қару айналымын жүргізу мақсатындағы уағдаластығы, ұйымдасқан топтың қылмыстық әрекеттері, лауазымды тұлғалардың өзінің қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалануы, жаппай қырып-жою қаруы мен оның бөліктері, арыс қаруы, оның бөлшектері мен қосарлас бөліктері, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғылар қызметтік мақсатта пайдалануға берілген немесе ұстауға сеніп тапсырылған тұлғаның қылмыстық іс-әрекеттері, бірнеше террористік қылмыстар жасау мақсатындағы құқық бұзушылықтар аталып өтіледі [12].

ТМД елдеріндегі заңсыз қару айналымына қарсы күрес саласындағы заңнамалық шешімдердің мысалдарын жалғастыруға болады. Дегенмен, Армения, Беларусь және Қазақстанның қылмыстық заңнамасында бұл саладағы ең типтік шешімдер қарастырылған. Осыған байланысты ТМД-ның басқа мемлекеттерінің заңнамасын қарастыру ұқсас нормативтік материалды қисынсыз қайталау болады.

Ұсынылған қылмыстық-құқықтық нормаларды талдау мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. ТМД елдерінің қылмыстық заңнамасында қарудың заңсыз айналымы саласындағы қылмыстар қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар санатына жататын бірыңғай ұстаным бар.

2. Жалпы алғанда, қарастырылып отырған салада қылмыстық-құқықтық нормаларды жобалаудың үш негізгі тәсілі бар:

а) қылмыс құрамының жалпы жағының белгілерін ескере отырып, қарудың заңсыз айналымы саласындағы жекелеген іс-әрекеттер қылмыс белгілерін анықтау үшін негіз ретінде алынады;

б) заңсыз қару айналымы саласында қылмыстың жекелеген санаттарын анықтау үшін негіз ретінде қылмыс нысанының белгілері, яғни қарудың түрі есепке алынады;

в) заңсыз қару айналымымен айналысатын жекелеген тұлғалар мен қылмыстың жалпылық белгілерінің жиынтығы негізінде (аралас тәсіл).

3. Заңнамаға сәйкес, жауапкершілік келесі жасалған қылмыстық іс-әрекеттер үшін қаралады:

а) ұрыс қаруын әзірлеу, сатып алу, сатылымға шығару, бір қолдан екіншіге өткізу, өзінде заңсыз сақтау, бір орыннан екінші орынға тасымалдау немесе өзімен бірге алып жүру;

б) суық қаруды өндіру, алып жүру, тасымалдау, өткізу;

в) газ қаруын заңсыз әзірлеу.

4. Қазақстан жағдайында заң шығару қызметі процесінде қабылдануы мүмкін қару-жарақтың заңсыз айналымы саласындағы қылмыстық жауапкершіліктің ерекшеліктерін атап өткен жөн:

а) ұрыс қаруын таңбалауды қолдан жасағаны немесе әдейілеп жойғаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу;

б) әкімшілік преюдиция институтын қоғамдық қауіпсіздік деңгейі төмендететін бірқатар іс-әрекеттер үшін қолдану. Мұндай заңнамалық қадам қарудың заңсыз айналымы бағытындағы әртүрлі әрекеттерді олардың қоғамдық қауіпсіздің дәрежесіне қарай бөлуге мүмкіндік беруі мүмкін;

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ТМД елдерінің көпшілігінің заңнамасында қару-жарақтың заңсыз айналымы саласындағы қылмыстарды сипаттаудың бірыңғай тәсілі басым екенін атап өткен жөн. Әсіресе осы қылмыстарды қоғамдық қауіпсіздікке қарсы бағытталған қылмыс ретінде санау көрінісінен анық байқалады. Бұл көп жағдайда жалпы тарихи-құқықтық сипатқа ие және КСРО қылмыстық заңнамасынан туындайтын тұжырымдар мен мазмұнның жалғасы іспетті. ТМД-ға іргелес жатқан елдердің заң шығару процесінде ескерілуі қажетті заңнама ерекшеліктерінің ішінде мыналарды бөліп көрсету керек: ұрыс қаруын таңбалауды қолдан жасағаны немесе қасақана жойғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеу; қоғамдық қауіптілігі төмен қару-жарақ айналымы саласындағы бірқатар іс-әрекеттер үшін әкімшілік преюдиция институтын пайдалану.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ҚАРУ АЙНАЛЫМЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ

Қару өзінің аса қауіптілігіне байланысты оның айналымы әрқашан арнайы әкімшілік - құқықтық режимнің объектісі ретінде қарастырылады. Сарапшылар қару-жарақ айналымы саласында қалыптасқан қатынастарды зерттеуде осы ұстанымды басты назарға алады. Сонымен бірге, «қару» термині жалпы жанды немесе басқада мақсаттағы нысандарды жоюға арналған заттардың кең спектрін білдіреді. Қарудың азаматтық, қызметтік, жауынгерлік, ұрыс, газ, суық, өзін-өзі қорғау, спорттық, аңшылық түрлері үшін жеке әкімшілік-құқықтық режимдер белгіленеді және ол өз кезегінде қару иелерінің санатына қарай түсіндіріліп, қолданылып отырады. Белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасқан осы егжей-тегжейлі әкімшілік-құқықтық режимдердің жиынтығы әр мемлекеттің әкімшілік-құқықтық реттеудің эволюциялық даму кезеңімен тығыз байланыста қарастыруға болады. Құқықтық байланыстардан туындайтын, өзгеріске ұшырайтын және тоқтатылатын, белгіленген ережелер жиынтығын сипаттайтын әкімшілік-құқықтық құрылыстан айырмашылығы, құқықтық құрылымның жиынтығымен қалыптасқан және құқықтық жағдайды көрсететін құқықтық модельді абстракциялау мен идеализациялау нәтижесінде құқықтық үйлестіру ерекшеліктерін табуға, күрделі құқықтық құрылыстың ішкі құрылымын анықтауға мүмкіндік береді.

Әр түрлі елдердегі қару айналымын реттейтін ұлттық модельдері көптеген жолдармен ерекшеленеді. Мысалы, қару өндірушілердің монополиялануы, федералды мемлекеттердегі қару айналымын централизациялау немесе децентрализациялау дәрежесі, қару типологиясы, ежелгі және сирек кездесетін қару айналымын реттеу және т. б. Алайда, қару айналымының барлық модельдері үшін қаруды өзін-өзі қорғау мақсатында қолдану барлық тараптардың үлкен қызығушылығын тудыруда.

Қару айналымын құқықтық реттеу моделінің осы блогы мынадай жалпы түйінді элементтерді қамтиды:

- өзін-өзі қорғау үшін қаруды пайдалану мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі;
- өзін-өзі қорғау мақсатында пайдалануға рұқсат етілген қарудың түрлері;
- өзін-өзі қорғау қаруын сатып алуға рұқсат етілген азаматтардың санаттары;
- өзін-өзі қорғау қаруын сатып алуға, ұстауға және өзімен алып жүруге рұқсат беру тәртібі;
- өзін-өзі қорғау қаруын сақтау және өзімен алып жүру ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасында азаматтық қару айналымының әкімшілік-құқықтық үлгісі бұрынның қалыптасқан және оның өзгеруі бүкіл кезең бойы бір бағытта - жаһандық тенденцияға сәйкес келетін азаматтық қарудың заңды айналымын әр кезде шектеу бағытында жалғасты. Қазақстан тарихындағы қару-жарақ саудасын реттеу үрдісін еліміздің Ресей империясының құрамында болған

кезеңдерден бастап қарастыру керек. Ресей империясында қару айналымын бақылайтын, бақылау орнататын арнайы заңнама бекітілген жоқ. Осыған байланысты В.П.Полозов 1906 жылға дейінгі кезеңдегі патшалық Ресейді ең либералды мемлекет ретінде сипаттайды. Тіпті қарапайым шаруалардың да қаруды иеленуге және қолдануға құқығы болды. 1906 жылы рұқсат беру жүйесі енгізілді, ол бастапқыда есеп беру жүйесін атқарды да, кейін біртіндеп қаруды иеленуге шектеулер күшейтілді. 1918 жылдың аяғында Кеңес үкіметі қару-жарақтың еркін айналымына тыйым салды. Халық Комиссарлары Кеңесінің 1918 жылғы 10 желтоқсандағы «Қаруды тапсыру туралы» Декреті барлық азаматтарды, Азаматтық ведомствоның барлық ұйымдарын жүйедегі жарамды және ақаулы винтовкаларды, пулеметтер мен револьверлерді, олардың патрондарын тапсыруға міндеттеді. Ал қаруды жасырғаны, оны тапсыруға қарсы әрекет еткені үшін кінәлілер бір жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылды. Тапаншалар мен револьверлерге тек РКП(б) мүшелері ғана ие бола алды [17].

КСРО Орталық Атқару комитетінің 1924 жылғы 12 желтоқсанындағы «Қаруды, ұрыс құралдарын, қопарылғыш снарядтар мен қопарылғыш заттарды жасау, сату, ұстау, қолдану, есебін жүргізу және бір орыннан екіншісіне жеткізу тәртібі туралы» қаулысына сәйкес азаматтық айналымда тек тегіс білтелі аңшылық қару қалды. 1941 жылы соғыстың басталуына байланысты азаматтар қолындағы қарудың барлық түрін тапсыруы қажет болды. 1953 жылы тамызда Сталин қайтыс болғаннан кейін КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен аң аулайтын тегіс білтелі қарудың еркін айналымы енгізілді. Бірақ 1959 жылдың мамыр айындағы заңнамаға сәйкес аң аулау үшін тегіс білтелі қаруды сатып алу құқығына аңшылар қоғамының мүшелері ғана ие болды [18].

КСРО-ның ыдырауымен қару-жарақ айналымын реттеудің мұндай қатал моделі кері бағытта дамып, ішінара ырықтандыру мен қаруды қолдануда азаматтардың өзін-өзі қорғау құқығын тану мәселелеріне әкелді. Посткеңестік кеңістікте тәуелсіздігін жариялаған барлық мемлекеттер бірден газбен атылатын өзін-өзі қорғау қаруын қолдануға рұқсат берді. Молдова, Литва, Латвия және Эстония мемлекеттері өз азаматтарына қысқа білтелі мылтық қаруын алып жүруге рұқсат берді. Сонымен қатар, қару айналымына толық тыйым салынбаған елдерде меншік құқығына және өзін-өзі қорғау қаруын алып жүруге шектеу шаралары қолға алынды [18].

Айта кетерлігі, Ресей Федерациясында осы уақытта заңнаманы біртіндеп либералдау үрдісі жалғасуда.

Ресей Федерациясының 20 жылғы 1993 мамырдағы № 4992-І «Қару туралы» Заңы [15] Денсаулық сақтау министрлігімен қолдануға рұқсат етілген өзін-өзі қорғаудың азаматтық қаруы ретінде тек көз жасын ағызатын тітіркендіргіш заттармен жабдықталған газ қаруы болып табылатын тапаншаларды, револьверлерді, механикалық шашыратқыштарды және аэрозольді құрылғыларды пайдалануға рұқсат берген болса, онда 1996 жылғы 13 желтоқсандағы «Қару туралы» № 150 Федералды заңы азаматтық өзін-өзі қорғау қаруларына газ қаруынан басқа: тегіс ұзын білтелі ұрыс қаруы, оның

ішінде травма салатын оқ-дәрілері бар қаруды; травма салатын, газбен және жарықпен дыбыс шығаратын оқ-дәрілері бар отандық өндірістің білтесіз ұрыс қаруын; отандық өндірістің электрлі тітіркендіргіш құрылғылары мен ұшқын ажыратқыштарын жатқызды [15].

2010 жылғы 28 желтоқсандағы «Ресей Федерациясының азаматтық қару айналымы саласында бақылауды күшейту туралы жекелеген заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы» № 398 Федералды Заңы шектеулі ұрыс қаруын, травма салатын оқ-дәрілері бар тапаншалар мен револьверлерді, газбен атылатын оқ-дәрілерді және жарық-дыбыстық оқ-дәрілерді азаматтық қорғаныс қаруы ретінде пайдалануға рұқсат берді [20].

Қазақстан Республикасының заңнамасында да Ресей Федерациясына ұқсас үрдісті көруге болады. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы №339 «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңының 5-бабында азаматтық қару былайша бөлінеді: 1) өзін-өзі қорғау қаруы: тегіс ұзын білтелі ұрыс қаруы; газды қару – газды пистолеттер, револьверлер және олардың патрондары, механикалық тозаңдатқыштар, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат берген, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозольды және басқа да құрылғылар; электрлі қару – зақымдағыш қасиеті электр энергиясын пайдалануға негізделген, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат берген қару және өзге де заттар.

Қазақстан Республикасында 18 жасқа толған азаматтар тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарынан қару түрін алуға рұқсат алғаннан кейін азаматтық қаруды ұстауға құқығы болады.

Ресей Федерациясында болса бұл шектеу 21 жасқа дейін қойылған. Тек 18 жасқа толған Ресей Федерациясының азаматтары газбен атылатын тегіс ұзын білтелі өзін-өзі қорғау қаруын сатып алуға құқылы [20].

Қазақстан Республикасында азаматтар өзін-өзі қорғау қаруын сатып алуға, ұстауға және өзімен алып жүруге рұқсат алу азаматтың өтініші, Қазақстан Республикасының азаматтығын куәландыратын төлқұжаты, қаруды қауіпсіз пайдалану тәртібін білу және қаруды қауіпсіз ұстай алу дағдыларының болуы туралы тиісті дайындық пен мерзімді арнайы тексерулерден өткендігі туралы рұқсат құжаттары, қаруды ұстауға медициналық шектеулерінің болмауы жөніндегі анықтама, сонымен қатар, өтініш берушінің денесінде есірткі, психотроптық заттар мен олардың метаболиттерінің болмауы бойынша жүзеге асырылады.

Құзырлы орган қаруға иелік ету үшін рұқсат беру процедураларына кедергі келтіретін мәселелер туралы ақпараттың бар болуына немесе болмауына, сонымен бірге азаматтың тұрақты тұру мекен-жайы бойынша қаруды есепке алу және тиісінше дұрыс сақталуын қамтамасыз ету мүмкіндігін тексереді.

Өзін-өзі қорғау қаруын сатып алу, ұстау және өзімен алып жүру құқығы әдейілеп немесе қаруды пайдаланумен істеген қылмысы үшін алынбаған немесе

жойылмаған соттылығы бар болса; істеген қылмысы үшін айыбын өтеп жүрген болса; соттың шешіміне сәйкес қару сатып алу немесе ұстау құқығынан айырылған болса; әкімшілік айыпқа тартылған уақыт аяқталғанға дейін кейбір әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін бір жыл ішінде қайтадан әкімшілік жауапкершілікке тартылған болса; тұрақты тұрғылықты жері жоқ азаматтарға берілмейді.

Қазақстан Республикасында көше шерулері, митингілер, демонстрациялар, пикеттер және басқа да әлеуметтік толқыныстар кезінде азаматтардың қару ұстап жүруіне, мас күйінде ұрыс қаруын ұстап жүруіне, сондай-ақ азаматтардың білім беру ұйымдарының аумағында шектеулі ұрыс қаруын алып жүруіне тыйым салынған. Бұдан басқа, аталған қару түрлерін тасымалдау жағдайларын қоспағанда, азаматтардың өзін-өзі қорғау мақсатында ұзын білтелі ұрыс қаруы мен басқа да суық қаруларды алып жүруіне тыйым салынады.

Посткеңестік Балтық жағалауы елдері мен Молдовада қару-жарақ айналымының әкімшілік-құқықтық үлгілерінің ортақ тұстары көп болғандықтан оларды жалпы тақырып шеңберінде қарастыруға мүмкіндік бар.

Аталған мемлекеттерде азаматтардың ұрыс қаруына тапаншалар мен револьверлерді алып жүру құқығы танылады. Мәселен, Молдова Республикасының 2012 жылғы 8 маусымдағы «Азаматтық мақсаттағы қару мен оқ-дәрілердің режимі туралы» Заңы [21] азаматтық қару түрлері келесі санаттарға бөлінеді:

- заңда белгіленген тәртіппен қауіпсіздікке және күзетуге арналған қару-жарақ, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, жеке бас бостандығын, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардың меншігіндегі мүлікті қорғауға арналған қысқа білтелі ұрыс қаруы заңды деп танылады;

- зиянды, тітіркендіргіш, жансыздандыратын газдарды тарату немесе резеңке снарядтарды немесе оқтарды ату үшін арнайы жасалған өзін-өзі қорғау қаруы, өзін-өзі қорғау мақсатында қаза тапқызатын және қаза тапқызбайтын қысқа білтелі қару (пневматикалық қаруды қоспағанда) заңда белгіленген тәртіппен танылған.

2001 жылғы 13 маусымдағы «Қару-жарақ туралы» Эстонияның Заңы [22] азаматтық айналымда ұрыс қаруын (мылтықтар, тапаншалар мен револьверлер) шек қойылған қару түріне жатқызылады және оны арнайы рұқсат негізінде ғана сатып алуға болады. Азаматтық айналымына тыйым салынған аса қауіпті ұрыс қарулары санаттарға бөлінеді. Сонымен қатар, Эстонияның Қазақстан Республикасы және көптеген басқа да мемлекеттерден айырмашылығы, мұнда электрлі тітіркендіргіш қару-жарақтың азаматтық айналымына тыйым салынған³.

«Қару мен арнайы құралдардың айналымы туралы» 2002 жылғы 6 маусымдағы Латвия Республикасының Заңымен [23] өзін-өзі қорғау және сақтау қаруы ретінде В санатына жатқызылған қаруды өзімен алып жүруге (жартылай автоматты, үздіксіз атылатын және бір рет атылатын қысқа білтелі, калибрі 9 мм-ден аспайтын қару) және оған арналған оқ-дәрілер, бұл қаруды

жаттығу алаңдарында және оқ атудан спорттық жарыстарында қолдану, сондай-ақ өзін-өзі қорғау және сақтау үшін қолдануға рұқсат берілген [23].

Кез-келген жағдайда өзін-өзі қорғау және сақтау қаруын өзімен алып жүру құқығын алуға тапсырыс берген тұлғалардың азаматтығына, қару қолданып білетін қажетті білімі мен дағдысының болуына, денсаулық жағдайына қатысты шек қоюлар мен талаптарының болмауына. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы секілді, қылмыс жасаған, соттылығы бар, маскүнемдік немесе нашақорлықпен ұстанатын адамдарға шектеулер қарастырылған.

Заңнаманың тағы бір ерекшелігі, атыс қаруын ұстау өзін-өзі қорғау және сақтау құқығы шетелдік азаматтарға рұқсат беру жағы қарастырылған. Сонымен бірге, Латвияда қару ұстау рұқсатын Латвия азаматы, Еуропалық Одаққа мүше елдің азаматтары және 21 жасқа толған Латвия Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған еуропалық экономикалық аймаққа мүше елдің азаматтары ие бола алады.

18 жасқа толған Эстония азаматтары өзін-өзі және мүлігін қорғау үшін газ қаруы мен тегіс білтелі мылтықтарға ие болуға құқылы. 21 жасқа толған адамдар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мылтық, тапаншша мен револьверлерді сатып алуға, иеленуге құқылы [24].

Литва Республикасының 2002 жылғы 15 қаңтардағы «Қару-жарақ пен оқ-дәрілерді бақылау туралы» Заңы өзін-өзі қорғау қаруын алып жүруге рұқсат етілген адамдарға қоғамдағы мінсіз беделге ие болу секілді нақты спецификалық талапты белгілеген [25].

Кепілмен босатылған немесе негізсіз негіздер бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған; қамауға алынған немесе қылмыс жасады деп айыпталған, қылмыстық әрекеті бар деп күдікті ретінде құрықталған немесе қандайда бір айып тағылған; соттылығы бар, белгілі бір уақыт мерзімде соттылығы өтелгеннен кейін немесе алынып тасталғаннан кейінде қайта қылмыс жасаған болса; құқық бұзушылықтың жекелеген түрлері, оның ішінде мас күйінде құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін бірнеше рет әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар; есепте тұрған немесе оған ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес туралы заңда белгіленген тәртіппен сот жүктеген міндеттерін қолданылатын адамдар Заңның 18-бабына сәйкес өзін-өзі қорғау қаруын ұстауға лицензия ала алмайды.

Балтық жағалауы елдері мен Молдованың қару-жарақ туралы заңнамасының басты ережелері, өзін-өзі қорғау қаруын сатып алуға, ұстауға және өзімен алып жүруге рұқсат беру тәртібін реттейтін заңнамасы Қазақстан Республикасының «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» заңның [4] басты ережелерімен сәйкес келеді. Дәстүрлі тәртіпке сәйкес медициналық анықтаманы ұсыну, оқу курсынан өту және қажетті білім мен дағдылардың болуын растау талап етіледі. Аталған елдерде қаруды сатып алуға, ұстауға және өзімен бірге алып жүруге рұқсатты құзыретті органдар береді. Барлық елдерде қару мен оның иелерінің есебін жүргізу ұйымдастырылған.

Қаралып отырған қару айналымын реттеу үлгілері өзін-өзі қорғау қаруын өзімен алып жүруді құқықтық реттеу егер тіркеу және құзыретті органдарда есептілік жөніндегі рәсімдерді өткен жағдайда өзін-өзі қорғаудың өлімге әкелетін ұрыс қаруын (тапаншалар мен револьверлер) өзімен бірге алып жүруге рұқсат беруді көздейді. Эстония Заңының 50-бабына сәйкес, қоғамдық орындарда қару ұстап жүру ешкімге көрінбейтіндей жасырын сипатта болуы керек.

Өзге Балтық елдерінің заңнамасында мұндай тәртіп көзделмеген. Молдова Республикасы Заңының 4-бабында [21] жеке тұлғаға өзін-өзі қорғаудың өлімге әкелетін немесе өлімге әкелмейтін қару түрін алып жүруге рұқсат етілген.

Молдовада адамды қазаға ұшырататын және қазаға әкелмейтін қаруды алып жүруге тыйым салынады:

– адамдар топтасатын орындарда, қоғамдық орталарда, сонымен бірге, заңмен қару ұстауға рұқсат етілмеген басқа да жерлерде;

– егер қару иесі ішімдіктік сусындарға, есірткіге немесе сол секілді заттарға, естен айыру қасиеті бар есірткілік заттарды қолданған болса, маусымдық аурулармен ауыратын болса, қоршаған айналасына қауіп төндіретіндей болса;

– қару иесінің қаруды өзімен алып жүру және оны пайдалануға рұқсат беретін растайтын құжаты болмаған жағдайда.

Эстония мемлекетінде қару мен оқ-дәрілерді өзімен бірге алып жүруге келесі жағдайларда тыйым салынады:

– ішімдіктік масаң күйде болса, есінен адастыратын есірткі немесе психотроптық заттың әсерінде болса;

– қоғамдық орындарда, көпшілік жиналатын орталарда, пикеттерде, шерулерде, митингілерде және басқа да бұқаралық іс-шараларда (осындай іс-шараларда қызметтік тапсырмаларды орындайтын адамдарды қоспағанда).

Литва Заңы болса қару иелеріне келесі жағдайларда тыйым салады:

– рұқсатсыз қаруды өзімен бірге алып жүруге;

– қаруды өзімен бірге алып жүруге немесе оны ұстауға, тасымалдауға рұқсаты болмаса;

– масаң күйінде (0,4 промилле және одан көп), есінен адастыратын есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе басқа да наркотиктік заттарды тұтыну кезінде қаруды өзімен алып жүру, тасымалдауға;

– ұрыс қаруын атуға дайын күйінде ұстауға тыйым салады.

Испан Қылмыстық кодексі [26] қылмыстың мән-маңызына байланысты жауапкершілікті әр түрлі қарастырады. Осылайша, рұқсат етілген қарудың техникалық сипаттамаларын елеулі түрде өзгерткен жағдайда «Тыйым салынған қаруды» иеленгені үшін жауапкершілік көзделеді және бір жылдан бас бостандығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыруға жазаланады (Испания ҚК-нің 563-бабы). Ал айналысқа рұқсат етілген ұрыс қаруын қажетті лицензиясыз немесе рұқсатсыз иелену, егер нысанасы қысқа білтелі қару болып табылса, бас бостандығынан бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге айыруға не егер нысанасы

ұзын білтелі қару болып табылса, бас бостандығынан алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге айыруға жазаланады. Сонымен қатар, егер қарудың зауыттық белгілері болмаса немесе олар бүлінген немесе жойылған болса, егер ол Испания аумағына заңсыз кірсе немесе бастапқы сипаттамалары өзгерсе, қатаң жаза қолданылады (Испания Қылмыстық кодексінің 564-бабының 2-бөлігі).

Қару-жарақ айналымын реттейтін Англияның қылмыстық заңнамасын келесідей тұжырымдауға болады:

- қару ұғымының жеткілікті толық анықтамасы;
- қатаң жазаларды, соның ішінде өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген;
- қылмыстық және әкімшілік қылмыс арасындағы нақты айырым.

Америка Құрама Штаттарында АҚШ Конституциясының екінші түзетуі азаматтардың қаруды иелену және алып жүру құқығын бұзуға тыйым салғанына қарамастан, азаматтардың қарумен өзін-өзі қорғау құқығын біртіндеп шектеудің жалпы үрдісі байқалады.

1934 жылғы «Ұрыс қаруы туралы» Ұлттық заңымен (National Firearms Act – NFA) азаматтардың жекелеген санаттарына қаруды иеленуге тыйым салынған және ең қауіпті қаруларға құрысты лицензиялау және салық салу жүйесі белгілеген [30].

1968 жылғы Қаруды бақылау туралы заң (Gun Control Act – GCA) ұрыс қаруын өндіруге, әкелуге және сатуға федералды лицензиялауды енгізді, қаруды пошта арқылы жіберуге тыйым салды және азаматтардың жасы мен қылмыстық тарихына байланысты қаруды сатып алуға шектеулер қойды [30].

Кейіннен ұзын білтелі ұрыс қаруын есепке алу бойынша қосымша талаптар, автоматты қаруды жеке иеленуге тыйым салу (барлық штаттарда қолданылмайды), құрыш тескіш оқ-дәрілерге тыйым салу, пластикалық қаруға тыйым салу (металл детекторлармен анықталмайтын), жеке және мемлекеттік мектептердің айналасындағы 300 метрлік аймақта ұрыс қаруын алып жүруге тыйым салынды. Ұрыс қаруын сатып алушыларды жалпыұлттық тексеру жүйесі енгізіліп, жартылай автоматты қару өндіруге тыйым салынды. Қаруды қылмыстық мақсатта пайдаланғаны үшін қатаң қылмыстық жазалар енгізілді, зорлық-зомбылыққа байланысты кез-келген ауырлықтағы қылмыстар үшін сотталған адамдарға қаруды иеленуге тыйым салынды.

Сонымен қатар, штаттар қару-жарақ айналымын дербес реттейді. 1970 жылдардың аяғынан бастап бірқатар штаттарда жасырын қару алып жүруге тыйым салынды. Алкоголь сатылатын жерлерде қару алып жүруге тыйым салынады.

Еуропаның көптеген елдерінде заңнама өзін-өзі қорғауға арналған ұрыс қаруын алып жүруге тыйым салады. Ұлыбританияда қаруды иелену құқығы 1689 жылғы құқықтар туралы Биллде кепілдендірілген.

Уақыт өте келе қару-жарақтың кең таралуына байланысты бұл құқық біртіндеп шектелді. 1870 жылы қаруды «үйден тыс жерде» алып жүруге лицензия беру (бастапқыда есеп сипатында) енгізілді. 1903 жылы «Тапаншалар туралы» заң жаңа шектеулер енгізді: атап айтқанда, мас немесе ақыл-есі сау емес

адамдарға қару алып жүруге тыйым салынды және үйде білтелі тоғыз дюймден қысқа қаруды сақтауға лицензиялар енгізілді. 1910 жылдың аяғында латыш анархистерінің банкті тонауынан кейін ұрыс қаруы туралы заң қабылданып, барлық қаруды тіркеу міндеттелді және полицияның пікіріне сәйкес, сенімді емес кез келген адамның құқығынан айыруға мүмкіндік берді. 1936 жылы қоғамдық жиналыстарда қару алып жүруге тыйым салынды, 1937 жылы кез келген автоматқа тыйым салынды. Қосымша шектеулер 1967, 1968 ж.ж. енгізілді [35].

1996 жылы шотландтық Данблэйнде психикалық ауытқушылығы бар Т.Гамильтон мектеп мұғалімдері мен оқушыларын атып өлтірген аты-шулы оқиғадан кейін, 5,6 мм калибрлі үлгілерді қоспағанда, барлық тапаншалар мен револьверлерге тыйым салынды. Сәйкесінше келесі бес жыл ішінде Ұлыбританияда зорлық-зомбылық қылмыстарының саны 88% - ға өсті, қарулы тонау мен зорлау саны екі есе, кісі өлтіру саны 24% - ға өсті [28].

Ұрыс қаруын қолдану арқылы болатын қылмыс бойынша Жапония әлемдегі ең төменгі көрсеткіштерге ие. Сол себептіде, заңсыз қару айналымының алдын алу және ұрыс қаруымен болатын қылмыстылықтың көлемін төмендету жолындағы Жапон тәжірибесін зерделеу аса тартымды болып отыр.

Жапонияда ұрыс қаруының иесі болу үшін бірнеше күрделі тексеру процедураларынан өту белгіленген. Олар:

- Бір күндік тренинг;
- Жазбаша емтихан;
- Полигонда 95 пайыз көрсеткіштегі оқу үлгерімі.

Сонымен қатар, қару ұстауға өтініш беруші тұлғаға психиатр мен наркологтың анықтамалары мен қатар ешқашан заңбұзушылықпен мәселелер болмағандығы туралы тексеріс тағайындалады. Полиция туыстарымен қоса жұмыс орнындағы әріптестік байланыстарға аса назар аудара отырып, террористік топтармен байланысына зерттеу жүргізеді. Сондай-ақ, полиция лицензия беруден бас тарту-тартпау туралы шешімді дербес қабылдайды [29].

Заң сонымен қатар қару-жарақ дүкендерінің санына да шектеу қояды. 47 жапондық префектураға мұндай дүкендердің үштен бірін ұстауға рұқсат етіледі. Жаңа оқтарды сатып алу үшін соңғы рет сатып алынған, пайдаланылған оқ-дәріні айырбастау арқылы ғана алуға болады [29].

Жыл сайын полиция қару иелеріне қару-жарақ инспекциясын жүргізіп отырады. Сонымен бірге, рұқсат қағазы тек үш жылға жарамды болғандықтан, бастапқы рұқсат алу процедураларын қайтадан өту қажет етіледі.

Нәтижесінде 100 адамға шаққанда Жапонияда Англия мен Уэльске (100 адамға шаққанда 6,2 құрайды), АҚШ-қа (бұл көрсеткіш 88,8 ге тең) қарағанда ұрыс қаруы 100 адамға бөлгенде өте аз санды 0,6 бірлікке тең (Small Arms Survey сауалнамасы бойынша, 2007) [29].

Жапон ұстанымы бойынша қару көп болған жерде зорлық-зомбылық пен қылмыста жоғары көрсеткішке ие болады.

Жапонияда қару-жарақ айналымын бақылау, қару туралы заңнамалық нормалардың бұзылуын қадағалау ұлттық полиция басқармасына жүктелген.

XX ғасырдың 90-шы жылдары Токио полиция басқармасы ұрыс қаруын заңсыз әкелуге қарсы арнайы орган және ұрыс қаруымен, ұрыс қару контрабандасымен, ұйымдасқан қылмыс арқылы алынған қаруды тасымалдау және табу арналарымен байланысты қылмыстар туралы ақпараттық мәліметтер базасын құрды [29].

Ұрыс қаруының барлық түрін Жапония жеріне заңсыз әкелу іс-әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылыққа тартатын жазалау шаралары елден тыс жерлерге де жүреді. Егер Жапония азаматы мұндай қылмысты шет мемлекеттің территориясында жасағаны белгілі болса, ол үшін 5 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру туралы үкім қабылданады.

Қытай Халық Республикасында қарудың заңсыз айналымының жолын кесу және елдегі заңсыз қару айналымына құрысты қылмыстылықты төмендету үшін 1996 жылы «Ұрыс қаруын бақылау туралы» Заң [31] қабылданды. Бұл заңда ұрыс қаруын өндіруді және оны сатуды реттейтін егжей-тегжейлі, қаруды заңсыз арналар арқылы бағыттауға жол бермеу үшін ұрыс қаруының шетелге шығарылуын қатаң бақылау саясатын белгілейтін ережелер қалыптастырылған.

Қару өндірісі Қытай Халықтық Республикасы Үкіметінің қатаң бақылауымен ғана жүзеге асырылады. Қаруды өндіру және сату жоғарыда көрсетілген «Ұрыс қаруын бақылау туралы» Заңның [31] негізінде жүзеге асырылады. Қылмыстық және әкімшілік заңнамада ұрыс қаруын заңсыз өндіруге, сатуға, сатып алуға және сақтауға не оның заңсыз тасымалдануына байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін жоғары айыппұлдар тағайындалады.

Қытай заңнамасы жеке азаматтарға қару-жарақ пен оқ-дәрілерді иеленуге тыйым салады. Азаматтық айналымда жергілікті қоғамдық қауіпсіздік органдарының арнайы рұқсатын алғаннан кейін сатып алынатын ұрыс қаруының спорттық және аңшылық түрлерін ғана пайдалануға тыйым салынбаған («Ұрыс қаруын бақылау туралы» Заңның 2-бөлімі). Азаматтық ұрыс қаруын өзін-өзі қорғау мақсатында да пайдалануға рұқсат берілмейді [31].

Заңда қызметтік қаруды ұстау, қолдану реттері де тұжырымдалған. Заңда өзін-өзі қорғау қаруы жіктеледі. 2-бапта өзін-өзі қорғау қаруы (оқ-дәрілерді қоса) екі түрге бөлінеді: 1-ші түр – тапаншалар; 2-ші түр барлық аңшылық қаруды, пневматикалық қаруды және аңшылық мылтықтарды қоспағанда, жаттығу мылтықтарын қамтиды (заң оларды аңшылық қаруға жатқызбайды).

Қызметкер әр типтегі қарудың біреуіне ғана ие бола алады. Отбасында екі түрден бір бірлік қаруға және 1 түрдегі қаруға 50 (елу) оқ-дәріден артық берілмейді. Заңның 5-бабында өзін-өзі қорғау қаруын ұстайтын қызметшілердің толық тізімі ұсынылады.

Қытайдағы қызметтік және азаматтық қару айналымына жалпы бақылау жүргізу қоғамдық қауіпсіздік министрлігіне жүктелген [31].

Қару-жарақпен байланысты мәселелердің күрделі қатынастары халықаралық құқықтық базада да көрініс табады. Ұрыс қаруы мен оның заңсыз айналымына құрысты көптеген халықаралық және аймақтық құқықтық құжаттар бар.

Осылайша, қару айналымын реттеудің әлемдік тәжірибесінде өзін-өзі қорғаудың ұрыс қаруын алып жүру құқығын құқықтық реттеу бөлігінде үш типтік әкімшілік-құқықтық модель қалыптасты:

- 1) азаматтардың Қарулы өзін-өзі қорғау құқығын тану және азаматтардың ұрыс қаруын алып жүру тәртібі мен шарттарын реттеу;
- 2) азаматтардың қарулы өзін-өзі қорғау құқығын танымау;
- 3) азаматтардың өлімге әкелмейтін іс-қимыл қаруымен Қарулы қорғанысқа құқығын танудың аралық моделі.

Бұл жағдайда қару айналымының белгілі бір моделін таңдауды анықтайтын қабылданған заңнамалық шешімдердің шарттылығы арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұл мәселе келесі тезистермен ұсынылуы мүмкін.

Қару айналымында абсолютті еркіндік жоқ. Қарастырылған барлық модельдерде қаруды пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шектеулер мен тыйымдар бар.

Бірінші модель іске асырылған елдерде жалпы қылмыстылық деңгейі азаматтардың қарулы өзін-өзі қорғауға құқығы шектеулі елдерге қарағанда әлдеқайда төмен.

Азаматтардың қарулы өзін-өзі қорғау құқығын шектеу қылмыстың күрт өсуіне әкеледі. Сонымен бірге, мұндай құқық ұзақ уақыт бойы қабылданбаған елдерде азаматтардың қарулы өзін-өзі қорғау құқығын мойындау қылмыс деңгейінің күрт төмендеуіне әкеледі.

Қару-жарақ қолдану арқылы жасалған қылмыстардың басым көпшілігінде, тіптен барлық елдерде заңсыз қару қолданылады деп сеніммен айтуға болады. Тіркелген қару жекелеген жағдайларда ғана қылмыс жасау үшін пайдаланылған.

Әлемнің барлық елдерінде заңсыз айналымда көптеген қару-жарақ бар және қару айналымының белгілі бір әкімшілік-құқықтық моделін таңдау бұл салаға ешқандай әсер етпейді.

Ұрыс қаруын қолданумен және көптеген адам жаны құрбан етілетін ең ауыр қылмыстар, әдетте, қару ұстауға тыйым салынған жерлерде (білім беру, денсаулық сақтау мекемелері және т.б.) жасалады.

Осы айқын жағдайларға қарамастан, әлемнің барлық елдерінде азаматтардың қарулы өзін-өзі қорғау құқығын шектеуге бағытталған заңнамалық шешімдер қарудың заңсыз айналымын азайтуға деген ұмтылыспен түсіндіріледі.

4 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАРУДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Заңсыз қару айналымы қоғамның дамуына кез-келген реттермен теріс әсерін береді. Бұл адам өмірі мен қоғамның тұрақтылығына орасан зор нұқсан келтіре алатын мәселе болғандықтан ұлттық қауіпсіздіктің басты мәселесі болып табылады. Әсіресе, бүгінгі Еуразия контингентінің шығысы мен батысындағы ұрыс қимылдары, трансшекаралық қарлы қақтығыстар, оның үстіне жаһан мемлекеттерінің үрейін ұшырып отырған талибан қозғалысының ресми билік басына келуі Қазақстан үшін қару-жарақ айналымын қадағалау және тиісті саясат жүргізу бөлігінде күрделі көпвекторлы шешімдер қабылдауды талап етеді. Бұл бір жағынан мемлекеттің табысты дамуының бірден-бір кепілі болып отыр.

Қоғамдық қауіпсіздік көп жағдайда қарудың заңсыз айналымының себеп-салдарлық байланыстарын жою жөніндегі алдын алу шараларын (іс-қимылдарын) тиімді бақылауға және қолдануға байланысты болады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл қылмыстық көрініске тек күшті әдістермен қарсы тұру, ымырасыз және жан-жақты көзқарасты қажет етеді. Қылмыстың алдын алудың маңыздылығы алдын-алудың сипатымен, оның тиімділігімен анықталады.








Қару-жарақтың заңсыз айналымы қазіргі таңда қаруды заңсыз жолмен жасаумен, қаруды заңсыз шетелге асырумен, оның мемлекеттік шекара арқылы контрабандалық тасымалдануымен, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қоғамдастықтарды қару-жарақпен жабдықтаумен, сондай-ақ қылмыстық қауымдастықтардың, атап айтқанда экстремистік және террористік топтардың ауыр қылмыстарды дайындауымен және жасауымен байланысты көптеген проблемаларды тудырады.

2017-2021 жж. статистикалық деректерге сәйкес, Қазақстан Республикасында ұрыс қаруының заңсыз айналымына байланысты 5 828 қылмыс тіркелген (2017 ж.– 1061, 2018 – 906, 2019 – 757, 2020 – 834, 01.01.2021 – 03.11.2021 - 874). Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы санынан осындай қылмыстардың үлес салмағы 0,5% - ды құрайды (2-кесте) [3].

2-кесте – 2021 жылғы қарашадағы Қазақстан Республикасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтар рейтингінде қарудың заңсыз айналымы бойынша қылмыстар саны жағынан алғашқы ондыққа жайғасқан

№		Бап	Саны ▼
1.		188. Ұрлық бойынша	55677
2.		190. Алаяқтық бойынша	3105
3.		187. Ұсақ-түйек жымқыру бойынша	10384

Кестенің жалғасы

4.		105. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу бойынша	7228
5.		296. Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу бойынша	5911
6.		293. Бұзақылық бойынша	4260
7.		107. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру бойынша	3968
8.		191. Тонау бойынша	2734
9.		188-1. Мал ұрлығы бойынша	2508
10.		287. Қаруды, оқ-дәрілерді, қопарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру бойынша	874
Ескертпе – кесте http://infopublic.pravstat.kz геоақпараттық порталынан алынды. [3]			

Кестеден көріп отырғанымыздай заңсыз қару айналымы ең жие қоғамдық ахуалға қауіп төндіретін қылмыс болып саналады. Егер идеологиялық контент тарапынан саралап, ондыққа еніп отырған қылмыстардың басым көпшілігін моральдық-құндылықтық параметрлермен бағалайтын болсақ, суық қару айналымы қоршаған ортаға қауіп төндіретін, жекелеген адамдардың өмірін жоюға бағытталған қылмыстылық десе болады.

Контент анализді жалғастырып, ондыққа еніп отырған қылмыстарды ауқымы мен зияндылығына қарай Грейвздің спиральді динамика әдісі негізінде түстерге бөліп шықтық (3 кесте).

3-кесте – Жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың ауырлық санаты мен ауқымдылығына қарай бөлінуі

№	Жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтар	Ауқымы	Ауырлық санаты
1.	Ұсақ-түйек жымқыру - саналы жастағы адамдардың іс-әрекеті, өзгелерге материалдық шығындар келтіретін, жоспарлы немесе жоспарсыз ниеті иемдену, жымқыру арқылы тез материалдық құндылықтарға ие болуға бағытталған қылмыс түрі.	Жекелеген адамдарға қарсы бағытталған	Мүлікке зиян келтірмейді
2.	Ұрлық – әр түрлі жас деңгейінде орын алатын, өзгелерге материалдық шығындар келтіретін, ниеті иемдену, жымқыру арқылы тез материалдық	Жекелеген адамдарға қарсы бағытталған	Мүлікке зиян келтірмейді


Кестенің жалғасы

	құндылықтарға ие болуға бағытталған қылмыс түрі.		
3.	<u>Алаяқтық</u> – саналы жастағы адамдардың іс-әрекеті, өзгелерге материалдық шығындар келтіретін, алдын ала жоспарлау арқылы ниеті иемдену, жымқыру арқылы тез материалдық құндылықтарға ие болуға бағытталған қылмыс түрі.	<u>Жекелеген адамдарға қарсы бағытталған</u>	<u>Мүлікке зиян келтірмейді</u>
4.	<u>Мал ұрлау</u> – жекелеген немесе топтасқан қылмыстық топтар өзгенің мүлкіне зиян келтіре отырып тез материалдық игіліктерге қол жеткізуді мақсат ететін ұйымдасқан қылмыс түрі.	<u>Жекелеген адамдарға қарсы бағытталған</u>	<u>Мүлікке зиян келтіреді</u>
5.	<u>Бұзақылық</u> – адам мен қоғам мүлкіне зиян келтіретін мораль мен тәрбиенің жетіспеушілігінен туындайтын қылмыс түрі.	<u>Қоғамға қарсы бағытталған</u>	<u>Мүлікке зиян келтіреді</u>
6.	<u>Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу</u> – коммуникация түрлерінің адам өміріне дендеп кіруімен байланысты ақпараттық-психологиялық қысым әсерінен болатын, жеке басқа бағытталған қылмыс.	<u>Жеке тұлғаға қарсы бағытталған</u>	<u>Адамға зиян келтіреді</u>
7.	<u>Тонау</u> - қоғам аясының түрлі деңгейінде орын алатын, жоспарлы түрде тәртіппен ұйымдастырылған, заңсыз баюды көздейтін материалдық игіліктер жоғары бағаланатын қылмыс түрі.	<u>Жекелеген немесе қоғамға қарсы бағытталған</u>	<u>Мүлікке кейде адамға зиян келтіреді</u>
8.	<u>Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру</u> – жекелеген адамдарға қарсы жоспарлы не жоспарсыз жасалатын саналы қылмыс түрі.	<u>Жекелеген адамдарға қарсы бағытталған</u>	<u>Адамға зиян келтіреді</u>
9.	<u>Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу</u> – қоршаған ортаға, адам денсаулығына зиян келтіретін, адамды ақыл-есінен айыра отырып бейсаналы іс-әрекеттерге итермелейтін, мақсаты заңсыз баюды көздейтін қылмыс.	<u>Қоғамға қарсы бағытталған</u>	<u>Адамға зиян келтіреді</u>
10.	<u>Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру</u> – мемлекет тұрақтылығына, тұтастығына қауіп төндіре алатын, қоғамдық-саяси ахуалды шайқалтуға, адамдар арасында үстемдік етуге басымдықтар беретін, жеке адамды қорқытып қылмыстық мақсаттарын жүзеге асыруға ұйымдасқан немесе жекелеген азаматтар іске асыратын қылмыс түрі.	<u>Мемлекетке, қоғамға, жекелеген адамдарға қарсы бағытталған</u>	<u>Адам өмірін жояды</u>
Ескертпе – кесте автормен әзірленді [3]			

Ең жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтарды моральдық құндылықтар мен стратегиялық ауқымына қарай, ауырлық санаты мен ауқымдылығына қарай жіктеу қылмыстың өзін сыныптауға және олардың маңыздылығына мән беріп, мемлекеттік органдарға шешім қабылдауға көмектеседі.

Сондай-ақ, қарудың заңсыз айналымы тудыратын қылмыстарды өз алдына атап көрсетуге болады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі әр қылмысқа құқықтық баға бергенмен олардың арасындағы қимыл іс-әрекет байланыстарына мән беріле бермейді.

Заңсыз қару айналымына негіз болып отырған ҚР ҚК аталған қылмыс түрлерін 2017-2021 жылдар арасындағы динамикасы талданды (4, 5, 6, 7, 8 суреттер).




4-сурет – Қаруды заңсыз жасау бойынша Қазақстан Республикасындағы 2017-2021 жылдар аралығындағы қылмыс динамикасы

Ескертпе – автормен әзірленді [10]


2020 жылғы 6 ақпанда Шымкент қ. Әл-Фараби ауданының соты ұрыс қаруын заңсыз жасаумен және оны өткізумен айналысқан қылмыстық топқа құрысушыларға үкім шығарды. Бұл туралы ҚР ҰҚК баспасөз қызметі хабарлады. [24]. Қылмыскерлер Калашников автоматының үлгілерін құрастырған. Мұндай күрделі құрылымды және кезекті от шашатын қару түрін қолдан жасау қоғамда үрей тудырмай қоймайды.

Заңсыз қару жасау бойынша соңғы бес жылдағы динамика қалыпты деуге болады. Яғни өсімде байқалмайды, алайда қылмыстың кему фактісі де неғұрлым төмен. Бұл әшкереленген қылмыс түрлері болғандықтан елімізде заңсыз қару жасау ошақтары әлдеқайда көп деуге болады.



5-сурет – Айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы

Ескертпе – автормен әзірленді [10]



6-сурет – Қаруды, оқ-дәрілерді, қопарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу қылмыстық істер динамикасы

Ескертпе – автормен әзірленді [10]

Ұрыс қаруын қолдану арқылы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар санының өсуіне ықпал ететін факторлардың бірі қару-жарақ пен оқ-дәрілерді ұрлау болып табылады. Айта кету керек, 2021 жылы өткен жылмен салыстырғанда қару-жарақ пен оқ-дәрілерді ұрлауға байланысты қылмыстар саны жиырма бестен он жетіге дейін азайды. Қару-жарақты ұрлау, жымқыру фактілері оң көрсеткіштерге ие болып отыр. Соңғы бес жылда мұндай қылмыс түрі айтарлықтай азайған.

Дегенмен, ұрыс қаруын ұрлау құқық қорғаушылар мен қоғам белсенділерін жие алаңдататын мәселе. Себебі, ҚР «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңында [4] ҚР әр бір азаматында аңшылық ұрыс қаруы: ойық білтелі – екі бірліктен; тегіс білтелі – екі бірліктен; өзін-өзі қорғау қаруы, оның ішінде тегіс ұзын білтелі ұрыс қаруы не газды пистолеттер, револьверлер не электрлі қару – екі бірліктен аспауға тиіс деген талап қойылған. Яғни бір адам 6 қаруға дейін иемдене алады. Бұл қаруды ұрлау фактісі орын алғанда қылмыстық топты бірден салқын қарулануға мүмкіндік жасайды.

Сонымен бірге, ұрыс қаруын жасырын ұрлау фактілерінің жие орын алуы қару иелерінің оны тиісінше сақтамағанын көрсетеді. Оны бірінші кезекте ішкі істер мекемелерінің қоғамдық тәртіп бөлімшелерінің лицензиялық рұқсат беру қызметтерінің нашар алдын алу және бақылау қызметінің салғырттығымен байланыстыруға болады.

Қару ұрлығы көп жағдайда жеке мүлікті ұрлаумен бірге жүреді. Сонымен қатар, қылмыстық құқық бұзушылықтардың осы түрінің өсуінің себебі меншікке қарсы қолсұғушылық санының артуымен байланысты өсіп отырғанын атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасында ұрыс қаруы өндірілмесе де, өндірушілері Ресей мен Қытай болып табылатын заңсыз қару айналымынан шығарылған ұрыс қаруының көптеп табылуы трансшекаралық қылмыстық топтардың бар екендігін көрсетеді. 2017 жылы ішкі істер органдары мен экономикалық тергеу қызметі бірлесе мемлекеттік шекара арқылы қаруды тасымалдаумен айналысатын контрабандалық топты құрықтады. Мұндай шекара арқылы жеткізілетін заңсыз

қару айналымының алдын алуға бағытталған шаралардың өте аз көлемде анықталуы арнайы органдар қызметінің тиімсіз жұмысын көрсетіп отыр.

Біздің пайымдауымызша, қоғамға қауіп төндіретін қаруды, оқ-дәрілерді, қопарылғыш заттар мен қопарылғыш құрылғыларды ұрлауға немесе қорқытып тартып алу жолдарының алдын кесу қажет. Аталған заң бұзушылықтар прокуратура органдары тарапынан тиісті қадағалаудың болмауы, сондай-ақ тергеу және құқық қолдану практикасын талдау нәтижесінде мүмкін болды.




7-сурет – Қаруды, оқ-дәрілерді, қопарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау динамикасы

Ескертпе – автормен әзірленді [10]

Қаруды, оқ-дәрілерді, қопарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау фактілері бойынша теріс динамика байқалады. Міндеттерін тиісінше орындамау қылмыстық фактілеріне өзіне сеніп тапсырылған нысаннан қару ұрлау қылмыстарында осы санатқа жатқызуға болады.

Өткен жылы 20 ақпанда Ордабасы ауданы Бадам елді мекенінің аумағында орналасқан Қорғаныс министрлігіне қарасты 10216 әскери бөлімінен келісімшарттағы кіші сержанты өзі қызмет ететін әскери бөлімнен ондаған тапанша мен автоматтарды ұрлап, белгісіз бағытқа кеткені туралы хабарлама тараған болатын. Содан кейін, Арыстағы оқ-дәрі қоймасында қопарылғыш заттарды тиісінше сақтамағандықтан үлкен жарылыс орын алған болатын. Осы қылмыстық іс бойынша айыпталған сегіз адамға Шымкент горнизонының әскери соты үкім шығарды [32].



8-сурет – Ұрыс қаруын ұқыпсыз сақтау

Ескертпе – автормен әзірленді [32]

Қаруды ұқыпсыз сақтағаны үшін ҚР ҚК 289-бабы бойынша қылмыстық іс қозғалады. Аталған бап бойынша ҚР қылмыс ең төменгі статистикалық

көрсеткішке ие. Алайда соңғы 5 жылда орын алған Ақтөбе қаласындағы террәкті мәселенің өте күрделі екендігін көрсетті. 2016 жылғы 5 маусымда Ақтөбе қаласындағы «Паллада» дүкеніне шабуыл жасаған террорситік топ 18 қару-жарақ алып шығып, полицей қызметкерлеріне оқ жаудырды.

Аталған оқиғадан кейін Ішкі істер органдары «Паллада» қару дүкенінің басшысына құрысты ҚР ҚК 289-бабы - қаруды ұқыпсыз сақтау бойынша қылмыстық іс қозғады. Облыс прокуратурасы «Паллада» басшысына құрысты әкімшілік өндіріс қозғап, 15-тен 20 АЕК көлемінде айыппұл салды [5].

Ұрыс қаруы иелерінің оларды дұрыс (ұқыпсыз) сақтауда көрінетін жеке жауапкершілігін жеткіліксіз сезінуі қаралып отырған қылмыс деңгейіне айтарлықтай әсер етеді, өйткені бұл қаруды ұрлауға алғышарттар жасайды.

Ұрыс қаруын ұрлау деректері 2022 жылы «Қаңтар оқиғасында» айтарлықтай артты. Жаппай қоғамдық тәртіпсіздік кезінде көптеген қару сататын дүкендер мен құқық қорғау органдарының қару-жарақ сақтау қоймаларының тоналуы мәселенің өткірлігін көрсетті.

2022 жылғы ҚР Парламентінің отырысында ҚР Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов «Қаңтар оқиғасы» кезінде 3000-нан астам қару-жарақ пен оқ-дәрілер ұрланғандығын айтты [3].

Ағымдағы жылдың наурыз айындағы мәліметтер бойынша құқық қорғау органдарының жедел іздестіру және терроризмге қарсы іс-шаралары аясында ұрланған қарудың 771 ғана табылған [3].

ҚР Бас прокурорының хабарлауынша «Ұрланған қарулардың ішінде автоматтар, мылтықтар, тапаншалар, гранатометтер, сондай-ақ гранаталар бар. Айтылған барлық фактілер бойынша қылмыстық істер тергелуде» [3].

ҚР ӘҚБтК – нің 484 – бабының 1-бөлігінің санкциясымен ұрыс қаруын сақтау тәртібін бұзғаны үшін жеке тұлғаларға - он, заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, осы баптың 2-бөлігі бойынша жеке тұлғаларға жиырма, заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл көзделген. Қару мен оның оқ-дәрілерін сақтау ережелерін бұзу анықталған жағдайда ҚР ӘҚБтК-нің 487-бабы шеңберінде оларды сақтауға және алып жүруге берілген рұқсаттың күшін дереу жою керек деп ойлаймыз.

Қазіргі қалыптасқан күрделі экономикалық ахуал қоғамда көптеген маргиналданған топтардың пайда болуына, олардың жеңіл жолмен пайда табу пиғылдарының ашық көріне бастағанын көрсетіп отыр. Әсіресе 2022 жылғы «Қасіретті қаңтар» оқиғасы кезінде көптеген топтардың күтпеген жерден пайда болып, ұрлық, тонаумен айналысып кетуі жеке тұрғын үйлердегі қару-жарақтардың тоналу фактілерін арттырып жіберді. Мұндай жаппай тәртіпсіздік кезінде жекелеген үй-жайлардағы қару-жарақ оңай қолды болатыны белгілі. Бұл жеке қаруы бар адамдар туралы мәліметтердің қауіпсіз сақталуы туралы да мәселелердің бетін ашық күйінде қалдырып отыр.

Осыған байланысты біз «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы № 339-1 Қазақстан Республикасының Заңына [4] ұрыс қаруының иелері туралы

жекелеген мәліметтерді қорғау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылдау туралы бастама көтеруді ұсынамыз.

Көрсетілген олқылықтармен қатар, талдау барысында тиісті шешуді талап ететін жекелеген проблемалық мәселелер, атап айтқанда, қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен салдарларды жою жөнінде шаралар қабылдамау анықталды. Қарудың заңсыз айналымының өсуіне ықпал ететін факторлардың бірі учаскелік полиция инспекторы қызметтерінің нашар профилактикалық және бақылау қызметі болып табылады, олар ұрыс қаруын тиісінше сақтамаумен байланысты заңбұзушылықтарды уақытылы анықтамайды.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы № 111 бұйрығымен бекітілген Ішкі істер органдарының лицензиялау және рұқсат беру қызметін ұйымдастыру туралы Нұсқаулықтың 44-тармағына сәйкес, жедел алдын алу іс-шараларын жүргізу кезеңінде ПО жүргізетін тексерулерді қоспағанда, азаматтардың азаматтық қаруды олардың тұрғылықты жері бойынша сақтауын тексерулер жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Осыған байланысты атыс қаруын ұрлаудың әрбір фактісі үшін учаскелік полиция инспекторы қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесін анықтау үшін тексеру шараларын жүргізу қажет. Қару иелерінің ұқыпсыз сақтау фактілері анықталған кезде (ашық жерде, жұмыс істемейтін сейфте немесе тіпті сейфтің болмауы, көзделмеген үй-жайларда, автомобильдерде және т.б. иелерінің жауапкершілігімен қатар қылмыс жасауға ықпал еткен себептерді жою жөнінде шаралар қабылдамағаны үшін ҚР ҚІЖК 200-бабы тәртібінде УПИ қызметкерлерінің жауапкершілігі туралы мәселені қарауды ұсынамыз [4].

ҚР Ішкі істер министрлігі жыл сайын халықтан заңсыз сақталған ұрыс қаруын, оқ-дәрілер мен қопарылғыш заттарды сатып алу акциясын жүргізеді. Мысалыға алатын болсақ, өткен 2021 жылы Республикалық бюджеттен ҚР ІІМ өткізген акциясына 95млн тенге қаржы бөлініп, толығымен игерілген. Әр бір тапсырылған қару бірлігіне, оның техникалық жағдайына қарап 10 нан 100 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін төленген. Акция аясында 1100-ден астам тұрғын полиция бөлімдеріне жүгініп, олар 1400 бірлік ұрыс қаруын өз еркімен тапсырған. Айта кетейік, тіркелмеген ұрыс қаруын, оқ-дәрілер мен қопарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Бұл, жыл сайынғы өткізілетін іс-шара, заңсыз қару айналымын және де жасалған қылмыстар санын екі еседен астам азаюына оң ықпалын тигізіп отыр [33].

Қазақстан Республикасында заңсыз қару-жарақ айналымының алдын алу шараларының даму тенденциясына талдау жасайтын болсақ қару-жарақты шектеу бағытында үрдіс алуда. Құқықтық шектеулердің барлығы да белгілі бір қылмыс орын алған соң ғана нормативтік құжаттар бетінде көрініс тауып отыр. ҚР «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңына бірнеше толықтырулар мен өзгерістердің енуі соның айғағы.

Баяндалғанның негізінде келесідей ұсыныстар беріледі:

– азаматтардың қолындағы заңсыз қаруды мемлекеттік сатып алу акциясын жалғастыру;

- қару ұстауға өтініш берген азаматтар арасында қаруды қолдану, ұстау, қоғамдық жауапкершілік туралы түсінік жұмыстарын күшейту;
- оқ-дәріні сатып қатынастары пайдаланылған гизьзаларға айырбастау арқылы ғана жүргізілуі тиіс;
- заңсыз қару ұстау және қолдану туралы хабарлағаны үшін азаматтарға сыйақылар тағайындау;
- НЕЕТ санатындағы жастарды жұмысқа орналастыру бойынша әкімшілік ресурстарды тарту;
- қару дүкендерінің санын азайту;
- ұрыс қаруын ұрлау фактілері бойынша УПИ қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесін анықтау үшін тексерулер тағайындау.

Қылмыстың өсуінің тағы бір себебі қоғамда әлеуметтік тауарлардың бағасының өсуі, қымбатшылық, ақшаның құнсыздануы секілді факторлар ықпал етеді. Осыған байланысты:

- заңсыз қару айналымының алдын алу мақсатында үкіметтік емес ұйымдар өкілдерін кеңірек тарту, азаматтық қоғам өкілдері тарапынан түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Ішкі істер органдарының сыртқы қызметтерімен көпжақты профилактикалық түсіндіру жұмыстарын күшейту;
- контрабандалық қару айналымына бақылауды күшейту, осы бағыттағы қауіпсіздік қызметтерін қайта құру;
- азаматтық қаруды сақтау орындары ретінде ішкі істер органдарының қоймаларын бекіту. Бұл үй-жайлардан ұрлау фактілерінің алдын алады;
- учаскелік полиция инспекторлерінің қызметін қатаң бақылау.

Аталған ұсыныстар қару-жарақтың заңсыз айналымының алдын алуға, қоғамдық құрылыстың тұрақтылығын, азаматтардың жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қарудың заңсыз айналымының қауіптілігі неғұрлым ауыр қылмыстар жасауға мүмкіндік беретін жағдайлардың туындауынан болады. Ресейлік заңгер ғалым В. Лунев атап өткендей «елдегі тұрғындардың қарумен қамтамасыз етілу деңгейі, оның заңсыз қолданылуымен анықталады» [17]. Осы ретте, қару-жарак айналымының өсуі мен қарулы қылмыстардың саны арасындағы тікелей байланыс туралы айтуға болады. Демек, қарудың, оның негізгі бөліктерінің, оқ-дәрілердің, қопарылғыш заттар мен қопарылғыш құрылғылардың заңсыз айналымы саласындағы қылмыстарды, сондай-ақ осы әлеуметтік қауіпті заттарды заңсыз әрекеттер жасау үшін қолдануға байланысты қылмыстарды дұрыс тергеу, сондай-ақ болдырмау қажет. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің, сондай-ақ қару-жаракпен жасалған басқа да қылмыстардың құрамын талдау көрсеткендей, Қазақстанда заңсыз қару-жарак айналымының үш кезеңі бар деп санауға болады:

- 1) қарудың белгілі бір көздерден заңсыз айналымға түсуі (ұрлау, жасау, контрабанда, «ыстық нүктелер»);
- 2) қаруды заңсыз тарату (иемдену, беру, өткізу, сақтау, алып жүру);
- 3) қаруды заңсыз қолдану және пайдалану болып табылады.

Тарихи - құқықтық талдау негізінде «қарудың заңсыз айналымы» ұғымына келесі анықтама беруге болады:

Қарудың заңсыз айналымы-қоғамда қарудың түсуі, таралуы, қолданылуы мен пайдаланылуының нақты әлеуметтік жағдайларға негізделген, заңдарда белгіленген қаруды ұстау ережелерін бұза отырып жүргізілетін және заңда тыйым салынған іс-әрекеттер жасауда көрініс табатын процесс. Қарудың заңсыз айналымының жай-күйі мемлекеттегі құқық тәртібінің дәрежесіне тікелей тәуелді болады. Қару-жарактың заңсыз айналымын мемлекет пен ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйін бағалауға мүмкіндік беретін индикатор ретінде қарастыруға болады. Қару-жарактың заңсыз айналымы негізінен мемлекеттілік және қоғамдық құрылысы бұзылу алдындағы, қоғамдағы әлеуметтік бақылау мен тыйым әлсіреген және отбасы институттары айтарлықтай қожыраған кезеңдерде айтарлықтай артады. Мысалға, қазіргі Сирия, Ауғанстан елдерін келтіруге болады.

Қару-жарактың заңсыз айналымының себептік кешені қоғамның қазіргі өмір жағдайымен тығыз байланысты, қылмыстың жалпы себептері мен жағдайларынан туындайды және қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық салаларындағы теріс факторлардың өзара әрекеттесуінен тұрады. Осы өзара әрекеттесетін теріс факторлардың жиынтығы қару-жаракқа жоғары «сұранысты» тудырды. Қылмыскерлер қылмыс жасау үшін қару иеленсе, ал азаматтар қылмыстық қол сұғушылықтан қорғану үшін алады. Қару-жаракқа деген сұраныстың артуы қарудың заңсыз айналымына экономикалық сипат беріп отырғанын атап өту қажет.

Қазіргі уақытта қару-жарактың көптеген түрлері бар және олардың саны технологиялық прогрестің дамуымен артып келеді.

Ұрыс қаруын және оның құрамдас бөліктерін, оқ-дәрілерді, қопарылғыш заттар мен қопарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, алып жүру, сақтау, сату, тасымалдау немесе беру мәселелерін зерттеу туралы ғылыми ізденістердің көптігіне қарамастан, әлі күнге дейін «қауіпсіздік» және «қоғамдық қауіп» ұғымдарына толық анықтама берілмей келеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы қазіргі жағдай қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, қару-жарақпен, оның ішінде әртүрлі қылмыстық қауымдастықтармен жасалған қылмыстардың алдын алуға мүдделі қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін толық ашып көрсетпейді.

Заңды айналымға келетін болсақ, егер заңға бағынатын және сенімді деген азаматтардың меншігінде тиімді ұрыс қаруы болса, қоғамдағы қарым-қатынаста тепе-теңдік жағдай туындайтыны белгілі. Қару адамдарды тәртіпке келтіреді және оның болу фактісі, сайып келгенде, елдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың тұрақтануына әкеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. – URL: <https://primeminister.kz/kz/address/01092020>. Жүгінген күні: 21.12.2021ж.
- 2 Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Қылмыстық Кодексі // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167>. Жүгінген күні: 21.12.2021ж.
- 3 КСРО Орталық Атқару комитетінің 1924 жылғы 12 желтоқсандағы «Қаруды, ұрыс құралдарын, қопарылғыш снарядтар мен қопарылғыш заттарды өндіру, сату, сақтау, пайдалану, есепке алу және тасымалдау тәртібі туралы» қаулысы. // Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің геоақпараттық жүйесі. – URL: <http://infopublic.pravstat.kz>. Жүгінген күні: 21.12.2021ж.
- 4 «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000339>. Жүгінген күні: 23.12.2021ж.
- 5 Солоницкая Э.В. Криминологическая характеристика незаконного оборота оружия и меры борьбы с ним. Рукопись дисс. исслед. Ростов-на-Дону. 2004.
- 6 «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000339>. Жүгінген күні: 23.12.2021ж.
- 7 Б. Әбдірашұлы. Қару-жарақ ұрлау оқиғасының құпиясы // «Жас Алаш» ақпараттық порталы. – URL: <https://zhasalash.kz/kogam/qaru-zharaq-urlau-oqigasyyn-qupiyasy-13083.html>. Жүгінген күні: 25.12.2021ж.
- 8 Ақтөбеде қаруды ұқыпсыз сақтағаны үшін «Паллада» дүкенінің басшысына құрысты қылмыстық іс қозғалды // KAZINFORM порталы. – URL: https://lenta.inform.kz/kz/aktobede-karudy-ukypsyz-saktagany-ushin-pallada-dukeninin-basshysyna-katysty-kylmystyk-is-kozgaldy_a2924591. Жүгінген күні: 26.12.2021ж.
- 9 «Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Атыс қаруының, оның құрамдас бөліктері мен компоненттерінің, сондай-ақ оның оқ-дәрілерінің заңсыз дайындалуына және айналымына қарсы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы N 39-IV Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-

құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000039>_ Жүгінген күні: 29.01.2022ж.

10 Кеңес Үкіметінің Халық Комиссарлары Кеңесінің 1918 жылғы 10 желтоқсандағы «Қаруды тапсыру туралы» Декреті // Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің геоақпараттық жүйесі. – URL: <http://infopublic.pravstat.kz> Жүгінген күні: 27.12.2021ж.

11 Дикаев С.У. Устранение коллизий в законодательстве как фактор успешной борьбы с криминальным оборотом оружия // Актуальные проблемы борьбы с незаконным оборотом оружия в условиях переходного периода: межведом, науч.-практ. конф. (25-27 мая 1998 г.). — Москва-Ижевск, 1998. — С. 17-21.

12 Корецкий Д.А. Понятие и признаки вооруженных преступлений // Научный журнал «Северо-Кавказский юридический вестник». – Ростов-наДону: Южно-Российский Институт управления, 1997. № 4. – С.109-124

13 Әкімшілік құқықтық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ Кодексі // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. –URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>. Жүгінген күні: 27.12.2021ж.

14 Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000339> . Жүгінген күні: 17.01.2022ж.

15 «Уголовный кодекс Республики Армения» // Официальный сайт Национального собрания Республики Армения. – URL: <http://www.parliament.am/legislation.php?ID=1349&lang=rus&sel=show>. Жүгінген күні: 19.01.2022ж.

16 Уголовный кодекс Республики Беларусь» // Информационно-правовой портал online.zakon.kz. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984&pos=6;-111#pos=6;-111. Жүгінген күні: 24.01.2022ж.

17 Полозов В.П. Оружие в гражданском обществе / М.: Издательство «Крафт+», 2004. – 222 с.

18 Корецкий Д.А., Пособина Т.А. Современный бандитизм: Криминологическая характеристика и меры предупреждения. — СПб.: Юридический центр Пресс, 2004. — 241 с.

19 «Закон РФ от 20 мая 1993 года № 4992-І «Об оружии» (с изменениями и дополнениями)» // Информационно-правовой портал ГАРАНТ.РУ. – URL: <https://base.garant.ru/10102927/>. Жүгінген күні: 27.01.2022ж.

20 «Закон РФ от 20 мая 1993 года № 4992-І «Об оружии» (с изменениями и дополнениями)» // Информационно-правовой портал ГАРАНТ.РУ. – URL: <https://base.garant.ru/12181512/>. Жүгінген күні: 27.01.2022ж.

- 21 Закон Республики Молдова от 8 июня 2012 года №130 «О режиме оружия и боеприпасов гражданского назначения» // Информационно-правовой портал online.zakon.kz. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31286856 Жүгінген күні: 28.01.2022ж.
- 22 «Закон об оружии» Эстонской Республики // Законодательная база Эстонской Республики Jurist Aitab в сотрудничестве с Министерством юстиции Эстонской Республики. – URL: <https://www.juristaitab.ee/ru/zakonodatelstvo/zakon-ob-oruzhii> Жүгінген күні: 24.12.2021ж.
- 23 Закон Литовской Республики от 15 января 2002 года № IX-705 «О контроле над оружием и боеприпасами» // официальный сайт Сейма Литовской Республики. – URL: <https://eseimas.lrs.lt/portal/legalActPrint/lt?jfwid=24tshxle5&documentId=TAIS.347925&category=TAD> Жүгінген күні: 29.01.2022ж.
- 24 Безруков А.С. Правовая модель как инструмент юридической науки и практики: дисс ... канд.юрид.наук: 12.00.01 – Владимир, 2008. – 151 с.
- 25 Благоев А.Д. Административно-правовой режим оборота оружия в Российской Федерации: дисс. ... канд. юрид. наук: 12.00.14 – Москва, 2007. – 209 с.
- 26 «Система наказаний по Уголовному кодексу Испании» // cyberleninka.ru ақпараттық порталы – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sistema-nakazaniy-po-ugolovnomu-kodeksu-ispanii/viewer>. Жүгінген күні: 29.01.2022ж.
- 27 Муранов А.К. Административно-правовой режим оружия нелетального действия: проблемы формирования и реализации: дисс. ... канд. юрид. наук:12.00.14 – Москва, 2008. – 194 с.
- 28 Заңсыз қару саудасы тоқтамай тұр. // AIQYN ақпараттық порталы. – URL: <https://aikyn.kz/147847/zansyz-karu-saudasy-toktamay-tur/> Жүгінген күні: 11.02.2022ж.
- 29 Ұрыс қаруын қолданғандығы үшін Жапон үкіметі өмірбақи бас бостандығынан айыру туралы жаза қолданады // Портал РИА Новости. – URL: <https://ria.ru/incidents/20071016/> Жүгінген күні: 11.02.2022ж.
- 30 «Уголовный кодекс КНР» // Официальный сайт Посольства Китайской Народной Республики в Российской Федерации. – URL: <https://www.mfa.gov.cn/ce/cerus/rus/zfhz/zgflyd/t1330730.htm> Жүгінген күні: 16.02.2022ж.
- 31 Қытайда қару айналымы үшін бақылау күшейтіледі // [novopol.ru](http://www.novopol.ru) ақпараттық порталы – URL: <http://www.novopol.ru/news19688.htm> Жүгінген күні: 16.02.2022ж.
- 32 «Как Россия от свободного оборота оружия перешла к несвободному» // Портал ONLINE812.– URL: <https://online812.ru/2012/06/15/008> Жүгінген күні: 19.02.2022ж.

33 «МВД проводит акцию по выкупу огнестрельного оружия и боеприпасов у населения» // Информационный медиа-портал POLISIA.KZ. – URL: <https://polisia.kz/ru/mvd-provodit-aktsiyu-po-vykupu-ognestrel-nogo-oruzhiya-i-boepripasov-u-naseleniya> Жүгінген күні: 25.02.022ж.

34 Долгополов А.А. Теоретические и организационные основы административно-правовых режимов оборота оружия и взрывчатых веществ в Российской Федерации: автореф. ... док. юрид. наук: 12.00.14 – Москва, 2007. – 58 с.

35 Петрушкин В.А. Актуальные проблемы правовой модели системы оборота недвижимости: монография / науч. ред. Витрянский В.В. – Москва: Статут, 2014. – 285 с.

Талдамалы жазба

Жоба авторы: А.М.Абыллаев
 Ғылыми жетекші: Сомжүрек Баубек Жұмашұлы,
 тарих ғылымдарының кандидаты,
 қауымдастырылған профессор

Жоба идеясы	Заңсыз қару айналымын бақылаудағы шетел тәжірибесі
Проблемалық жағдай (кейс)	<p>Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауында заман талабына сай тиімді мемлекет құру жолында «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесі бойынша қылмыспен күрес саласын жаңғыртқан жөн. Бізге азаматтардың құқығын қазіргі кезеңдегі тұрғыдан қорғауды қамтамасыз ететін және жоғарғы халықаралық талаптарға жауап беретін үлгі керек» деп атап өтті [1]. Осыған сәйкес еліміздегі қылмыстар саны бойынша алдыңғы қатарда табылатын қарудың заңсыз айналымы мәселесін зерделеуде шетелдік тәжірибелерге аса мән берген жөн. Бұл осы саладағы мемлекеттік бақылау мен алдын алу шараларындағы ілгерінді-кейінді қозғалыстарды талдауға, мәселені жаңаша пайымдауға жәрдемдеседі. Кейбір жағдайда мемлекеттік жаңа құрылымдарды іске қосу, кейбірін қайта құру, қызмет көрсету нысандарын оптимизациядан өткізу секілді іс-әрекеттерден көрініс табуы мүмкін.</p> <p>Заңсыз қару айналымын қадағалау және жолын кесу қолданыстағы әдіс-тәсілдердің тиімділігін әрі бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолындағы ізденістер мен бастамалар уақыт сын-қатерлеріне жауап беретін және болашаққа бағытталған теориялық-тәжірибелік модельдерді қамтуы тиіс екендігі белгілі.</p> <p>ҚР Заңсыз қару айналымы саласындағы заңнаманың қалыптасуы мен оның методикалық ерекшелігін үш институционалды тұжырымдардың жиынтық мәні деп атауға болатын шығар.</p> <p>Біріншісі, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін заңнамалық базаның негізін кеңестік нормативтік құжаттар құрады. Заңнаманың тақырыбы және жалпы иәтін құрылымы өзгергенмен мән-маңызы әліде сол кеңестік дәстүрмен сабақтасып жатты.</p> <p>Екіншіден, заңнама қабылданған кейінгі кезең. Бұл уақыт аралығында елдегі заңсыз қару айналымының</p>

	<p>салдарынан болған үлкен қоғамдық резонанс тудырған оқиғалар қолданыстағы заңнама шарттарын қатаңдатуды, шектеу шараларын барынша қабылдаумен заңнамаға толықтырулар мен өзгертулер енгізуге әкелді. Бұндай эволюциялық өзгерістер нақты уақыт шеңберінде жүзеге асатындықтан барлық уақыттарда, қоғамдық қатынастардың дамуына жеткілікті жауап бермей де қалуы мүмкін. Дегенмен, қоғамдық қатынастарды дүрбелеңнен қорғаудың бірден-бір жолы десе болады. Сондай-ақ, бұл үздіксіз жүріп отыратын үрдіс.</p> <p>Үшіншіден, заңсыз қару айналымының алдын алуға бағытталған шетелдік тәжірибелер мен технологиялық төңкеріс есебінен мемлекеттің соны шешімдерге өз бетімен көшуін айтуға болады. Шетелдік тәжірибелерді зерделеу осы бағытта тартымды әрі практикалық маңызы бар. Заңсыз қару айналымы жүйесіндегі бизнес процестерді автоматтандыру, цифрлық кеңістік аясындағы ашықтық, ақпаратқа қол жетімділік және т.б.</p> <p>Қазіргі жағдайда халықаралық қатынастардың дамуы қылмыстың, әсіресе оның әртүрлі қаруды қолданумен байланысты ұйымдасқан зорлық-зомбылық нысандарының өсуімен бірге күрделі, қарама-қайшылықты жағдайда жүруде. Ұрланған немесе жоғалған қарудың саны артып келеді. Қазіргі таңда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінде заңсыз айналымда жүрген 55 мыңнан аса бірлігі іздестірілуде. Ресей Федерациясында мұндай қарудың 55% - дайы тіркелген, Грузияда - 6 %, Қазақстанда - 4 %, Украинада - 3 %, Әзірбайжан мен Тәжікстанда-2,5% - дан. Бұл жағдайда ұрлық пен жоғалудың мәні көбінесе автоматты қару болып табылады.</p>
<p>Аталған мәселені шешудің бар жолдары</p>	<p>Қазіргі уақытта қару-жарақтың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік туралы шетелдік қылмыстық заңнаманы зерттеу, ең алдымен, осы саладағы қазақстандық қылмыстық заңнаманы модельдеу процесінде шет мемлекеттердің тәжірибесін ескеру ерекше өзекті болып табылады.</p> <p>Құқықтық салада Қазақстанға ең жақын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінің заңнамасы үлкен қызығушылық тудырады. Қарастырылып отырған саладағы заңнамалық шешімдердің ұқсастығына байланысты бірқатар қылмыстық заңдарға бірыңғайлық тән.</p>
<p>Аталған мәселені шешудің ұсынылған</p>	<p>Қазақстан Республикасында заңсыз қару-жарак айналымының алдын алу шараларының даму тенденциясына талдау жасайтын болсақ қару-жарақты шектеу бағытында үрдіс алуда. Құқықтық шектеулердің барлығы да белгілі бір</p>

жолдары	<p>қылмыс орын алған соң ғана нормативтік құжаттар бетінде көрініс тауып отыр. ҚР «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңына бірнеше толықтырулар мен өзгерістердің енуі соның айғағы.</p> <p>Баяндалғанның негізінде келесідей ұсыныстар беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - азаматтардың қолындағы заңсыз қаруды мемлекеттік сатып алу акциясын жалғастыру; - қару ұстауға өтініш берген азаматтар арасында қаруды қолдану, ұстау, қоғамдық жауапкершілік туралы түсінік жұмыстарын күшейту; - оқ-дәріні сатып қатынастары пайдаланылған гизьзаларға айырбастау арқылы ғана жүргізілуі тиіс; - заңсыз қару ұстау және қолдану туралы хабарлағаны үшін азаматтарға сыйақылар тағайындау; - НЕЕТ санатындағы жастарды жұмысқа орналастыру бойынша әкімшілік ресурстарды тарту; - қару дүкендерінің санын азайту; - ұрыс қаруын ұрлау фактілері бойынша УПИ қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесін анықтау үшін тексерулер тағайындау. <p>Қылмыстың өсуінің тағы бір себебі қоғамда әлеуметтік тауарлардың бағасының өсуі, қымбатшылық, ақшаның құнсыздануы секілді факторлар ықпал етеді. Осыған байланысты:</p> <ul style="list-style-type: none"> - заңсыз қару айналымының алдын алу мақсатында үкіметтік емес ұйымдар өкілдерін кеңірек тарту, азаматтық қоғам өкілдері тарапынан түсіндіру жұмыстарын жүргізу; - Ішкі істер органдарының сыртқы қызметтерімен көпжақты профилактикалық түсіндіру жұмыстарын күшейту; - контрабандалық қару айналымына бақылауды күшейту, осы бағыттағы қауіпсіздік қызметтерін қайта құру; - азаматтық қаруды сақтау орындары ретінде ішкі істер органдарының қоймаларын бекіту. Бұл үй-жайлардан ұрлау фактілерінің алдын алады; - учаскелік полиция инспекторлерінің қызметін қатаң бақылау.
Күтілетін нәтиже	<p>Аталған ұсыныстар қару-жарақтың заңсыз айналымының алдын алуға, қоғамдық құрылыстың тұрақтылығын, азаматтардың жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін болады</p>
Әдебиеттер	<p>1. БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Атыс қаруын, оның құрамдас бөліктері мен компоненттерін, сондай-ақ оның оқ-дәрілерін</p>

заңсыз дайындауға және олардың айналымына қарсы хаттама. Бас Ассамблеяның 2001 жылғы 31 мамырдағы 55/255 қарарымен бекітілген.

2. Солоницкая Э.В. Криминологическая характеристика незаконного оборота оружия и меры борьбы с ним. Рукопись дисс. исслед. Ростов-на-Дону. 2004.

3. Корецкий Д.А. Понятие и признаки вооруженных преступлений / Северо-Кавказский юридический вестник. 1997. № 4.

4. Корецкий Д.А., Пособина Т.А. Современный бандитизм в системе вооруженной преступности. Ростов-на-Дону, 2001.

5. Заңсыз қару саудасы тоқтамай тұр. Сілтемесі: <https://aikyn.kz/147847/zansyz-karu-saudasy-toktamay-tur/>

6. Дикаев С.У. Устранение коллизий в законодательстве, как фактор успешной борьбы с криминальным оборотом оружия / Актуальные проблемы борьбы с незаконным оборотом оружия в условиях переходного периода. М., 1998.